

Мерекелеріңізбен, Арулар!

7 НАУРЫЗ,
2026 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№26 (23 640)

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Құрметті ханымдар!

Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл күні біз сіздерге ыстық ілтипағымызды білдіріп, бізге күн сайын көрсететін қолдауларыңыз бен мейірімділіктеріңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Көктемнің алғашқы лебімен келіп жететін бұл мереке үйлесімділік пен нәзіктіктің, өміршеңдіктің символы іспетті. Сіздердің бізге танытағын қамқорлықтарыңыз бен даналықтарыңыз әр отбасына жайлылық пен жылу сыйлайды.

Бүгінде әйелдер қауымы қоғамның дамуына зор үлес қосып келеді. Сіздер қоғамның кез келген саласында білім беруде, медицинада, мәдениетте, кәсіпкерлік пен мемлекеттік қызметте және басқа да салаларда табысты еңбек етіп келесіздер. Сондай-ақ, сіздер жақындарыңызға сүйіспеншілік пен қолдау көрсетіп отбасының ұйытқысы бола білесіздер. Біз сіздердің осы қасиеттеріңізді жоғары бағалаймыз.

Көктемнің осынау жарқын мерекесі күні біз сіздерге зор денсаулық, амандық және отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз. Әр күн сіздерге тек қуаныш пен бақыт әкелсін.

Мереке құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• ЖҮРЕК ҮНІ

Құдіретті махаббаттың бастауы



Коллаж жасаған Арайлым Қоспаева

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Махаббаттың ең биігі ол – Отан! Еріктердің ерлігіне себепкер! Мықты болсаң сол биікке өзінді-өзің теңеп көр.

Махаббаттың қуаты бар ғаламдық. Сүйеді оны еміреніп, толғанып, алпыс екі тамыра да иіліп, соған ғана бақыт

тілеп, Жаратқанға сыйынып.

Еміреніп «Ана» дейміз Отанға! Махаббаттың Отан болса биігі, ең тереңі, тұнығы, қасиетті жыр-үні, жатырында жатыр екен Ананың.

Хабарсыз боп базарынан тірліктің, дүниеге келген сәтте шыр етіп, неге іздейміз омырауын Ананың? Анамыздың ақ сүті – құдіретті махаббаттың бұлағы.

Ақ сүтінде кең даланың жұпары,

тылсым қуат мейірімнің дәмі бар.

Адам тәні Күн сәулесін сұрайды. Адам жаны мейірімді сұрайды. Себебі ана – мейірім төгер жарық Күн! Күннің көзін түмен бұлтқа торлатпа. Мандайыңды тоса біл, алтын құстай бақ қонсын!

Мейірімге қанбаған жан ғұмырда, шуақ іздеп, аласұрып өтеді. Аласұрып, адасқаққа түседі. Ана-

лардың алақаны, жанары, «балам» деген бір сөзі – еш байлықпен бағаланбас құт пен нұр.

«Жұмақтың кілті Ананың табанының астында». Жұмақ деген – мейірім гой көл-көсір. Мейірімнен жан сарайың құлшыра, құлпырған жан өз мәніне ұмтылса, жұмақ емей немене?! Әуелден-ақ жұмақ деген көкте емес. Жұдырықтай жүрегімнен

Ұлт көсемі hәм ұлттық құндылық

Қазақ тарихында дәуір ауысқанда халықтың үнін, мұратын, тағдырын аркалап алға шығатын тұғырлы тұлғалар болады. Олар уақыттың ығына жығылмай, керісінше, уақыттың өзін жана арнаға бұруға талпынады. Осындай алмағайып сәтте саяси сахнаға шыққан қайраткерлер ұлттың болашағын болжаумен ғана шектелмей, сол болашақтың берік іргесін өздері қалап кетеді. Әлихан Бөкейхан – дәл осындай тағдырлы кезеңде туып, өз дәуірінің ғана емес, ұлттың тарихи бағытын айқындаған дәуір дарабозы.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

XX ғасырдың басы қазақ сақарасы үшін шешуші, сындарлы кезең екені мәлім. Патшалық Ресейдің отарлау саясаты күшейіп, жер мәселесі ушығып, ұлттық

басқару тетіктері біржола жойылған шақта қазақ қоғамы тарихи тығырыққа тірелді. Осындай жағдайда Әлихан Бөкейхан қарулы қарсылықтан гөрі саналы саяси күресті, ұтымсыз ұраннан гөрі жүйелі ұлттық бағдарламаны бағдарлады. Ол қазақ қоға-

мына жаңа саяси ойлау мәдениетін, құқықтық мемлекет туралы түсінікті, ұлттық мемлекеттіліктің өркеніеттік ерен үлгісін ұсынды.

Әлиханды біз тек Алаш қозғалысының көсемі деп қана емес, қазақтың жер мәселесін ғылыми деңгейде көтерген экономист, ұлттық баспасөзді ұйымдастырған публицист, мемлекеттік автономия идеясын жүйеленген саясаткер, ұлттың тілдік және мәдени тұтастығын мемлекеттіліктің тірегі деп таныған ойшыл деп танысақ игі.

Бүгінгі Тәуелсіз, өз алдына ел болған қуатты Қазақстан кезінде Әлихан Бөкейхан мұрасына қайта үнілу – тарихи тұлғаны



ұлықтау үшін ғана емес, ұлттық құндылықтардың мемлекетшілдік негізін қайта пайымдау үшін қажет. Сондықтан, Әлихан мұрасын тек тарихи феномен ретінде емес, қазіргі елдігіміздің идеологиялық, мәдени және саяси негіздерімен сабақтастықта қарастыру – бүгінгі жазбамыздың өзекті бағыты болмақ.

➤ 3-бет

• РЕСМИ

Аналарға арнайы көмек



Биыл Халықаралық әйелдер күні қарсаңында еліміздің бірқатар аймағында көпбалалы аналарға және марапатталған әйелдерге жергілікті бюджет есебінен бірқолғы әлеуметтік төлемдер қарастырылды.

Бірқолғы төлем мөлшері 8 650 теңгеден 21 625 теңгеге дейін өзгереді.

Көптеген өңірде бұл көмек көпбалалы аналарға, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлеріне, «Батыр ана» атағын алған және «Ана данқы» ордендерімен марапатталған әйелдерге беріледі.

Елордада төлем көлемі 2,5 айлық есептік көрсеткішті (10 813 теңге)

құрайды. Ең жоғары бірқолғы төлем Шымкент қаласында белгіленген. Мұнда төлем мөлшері 5 АЕК немесе 21 625 теңге.

Қарағанды облысында бірқолғы төлем көлемі 20 000 теңге. Бұл көмек «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлеріне, «Батыр ана» атағын алған аналарға және төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы бар отбасыларға қарастырылған.

Ал, Ақмола облысында бұл өңірде төлем мөлшері ауданға байланысты өзгеріп отырса, Маңғыстау облысында көпбалалы аналарға жылына бір рет 15 000 теңге көлемінде төлем жасалады.

Өз тілімізден

Мейірім шуағы төгілген мейрам

Көктемнің жаймашуақ күндерімен бірге келетін 8 наурыз мерекесі – мейірім мен ізгіліктің, аналарға деген шексіз құрметтің символы. Облыс әкімдігінде Халықаралық әйелдер күні қарсаңында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан әйелдерге арналған салтанатты қабылдау өтті. Іс-шара барысында қоғамның түрлі саласында еңбек етіп жүрген ардақты аналар мен белсенді әйелдерге құрмет көрсетіліп, мемлекеттік наградалар табысталды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мерекелік кездесуде сөз сөйлеген облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев әйелдердің қоғамдағы ролі мен маңызын ерекше атап өтті.

– Анаға құрмет көрсету – біздің перзенттік борышымыз. Ұлтымыздың дүниетанымында ананың орны айрықша. Сұлулық, нәзіктік, мейірімділік пен шапағат шуағы – бәрі анадан басталады. Әр адам үшін анадан ұлы, анадан қымбат жан жоқ. Бәріміз де өмір жолында «Анам айтып еді» деген сөзді жиі еске аламыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та аналарға арналған мерекелік іс-шарада сөйлеген сөзінде: «Ата ұлды, ана ұлтты тәрбиелейді» деп атап өткен болатын. Бұл сөздің мәні өте терең. Өйткені, ұлттың болашағы ең алдымен, ұрпақ тәрбиесінен басталады. Ал, сол тәрбиенің негізін қалайтын – ана. Әрбір жетістікке жеткен азаматтың артында ананың мейірімі, ананың ақылы мен ананың сенімі тұрады. Сондықтан, әр перзенттің жетістігі – ана махаббатының жемісі деуге толық негіз бар, – деді аймақ

басшысы.

Бүгінде облыста әйелдер 53 мыңға жуық кәсіпорынды басқарып отыр. Бұл – өңірдегі барлық бизнестің жартысына жуығы. Сонымен қатар, жыл сайын шамамен 300 әйелдер жобасы қаржылай қолдау алып келеді. Өткен жылы ғана әйелдер бизнес ашу және кеңейту үшін жалпы сомасы 278,4 миллион теңгеге 177 грант иеленген.

Алқалы жиын аясында қоғам дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар аналар мемлекеттік наградалармен марапатталды. Екі анаға «Алтын алқа», тағы екі анаға «Күміс алқа» табысталып, Мемлекет басшысының құрмет грамотасы мен білім саласында жас мамандарды даярлау, цифрландыру

Кездесуде қоғамның әр саласында табысты еңбек етіп жүрген әйелдердің пікірлері де ортаға салынды. Жиынға аймақтың екі ірі жоғары оқу орнының ректорлары – Қарағанды политехникалық университетінің ректоры Сауле Сағынтаева мен Қарағанды медициналық университетінің ректоры Бақыт Көшерова қатысты. Олар ғылым мен білім саласында жас мамандарды даярлау, цифрландыру



дәуірінде жаңа технологияларды жауапкершілікпен қолданатын ұрпақ қалыптастыру жөнінде сөз қозғайды.

Жиынға талантты жастар да қатысты. Олардың қатарында халықаралық роботтехника жарыстарының жеңімпазы, «Мұрагер» мектебінің 11-сынып оқушысы Дидар Әлімбет, тоғызқұмалақтан халықаралық дәрежедегі спорт шебері Аңсаған Қожанәсіп бар. Жастар атынан сөз сөйлеген ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі Салтанат Қайырбекқызы қазіргі буынның



жаңа бастамалары мен қоғам дамуына қосар үлесі туралы ой бөлісті.

– Ең алдымен, бізге сенім білдіріп, жастардың бастамаларын қолдап жүргеніңіз үшін алғысымды білдіремін. Бүгінгі кездесуде жастардың жетістіктерін атап өтіп, бізге ерекше құрмет көрсеткендеріңіз – біз үшін үлкен қолдау әрі жауапкершілік. Қазіргі қоғамда жастар тек білім алып қана қоймай, жана идеялар ұсынып, ел дамуына өз үлесін қосуға ұмтылып келеді. Біз де өз кезегімізде шығармашылықта, ғылымда, кәсіпкерлікте және қоғамдық өмірде белсенді болып, еліміздің дамуына адал қы-

змет етуге дайынбыз, – деді ол. Кездесу барысында мәдениет, кәсіпкерлік, отбасы құндылықтары және қоғамдық қауіпсіздік мәселелері де қозғалды. Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрының вокалист-әртісі, халықаралық байқаулардың лауреаты Елена Федорова мәдениет пен өнердің қоғамдағы орны туралы айтты.

Ал, кәсіпкер, Іскер әйелдер қауымдастығының төрағасы Наталья Арыстанова өңірдегі әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы мен әйелдердің қоғамдағы белсенділігі жөнінде пікір білдірді. Көпбалалы ана әрі кәсіпкер Венера Мұқашева отбасы құн-

сарайындағы мерекелік концертке ұласты. Онда облыс әкімі жиналған аруларды көктем мерекесімен құттықтап, аналар мен әйелдер қауымының қоғамдағы орны ерекше екенін атап өтті. Концерт бағдарламасында өңірдің танымал өнерпаздары, мәдениет саласының қайраткерлері мен шығармашылық ұжымдары өнер көрсетті. Сондай-ақ, сахна төрінде эстрада жұлдыздары – «МузАрт Life» тобы өнер көрсетіп, көрермендерге мерекелік көңіл күй сыйлады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Бизнес пен биліктің мүддесі бір

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңір кәсіпкерлерімен кездесіп, инвестициялық жобаларды іске асыру, бизнеске мемлекеттік қолдау және кәсіпкерлерді алаңдатқан мәселелерді талқылады. Ашық диалог форматында өткен жиында өңірдің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге нақты сектордың ролі ерекше екені атап өтілді.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің инвесторлармен жұмысты күшейту және жаңа инвестициялық циклді іске қосу жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында өткен басқосу барысында өңірдің инвестициялық әлеуетін арттыру, кәсіпкерлікті қолдау тетіктерін жетілдіру және бизнесті алаңдатқан мәселелер талқыланды.

Өңір басшысы экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етуге нақты сектордың ролі ерекше екенін атап өтті. Оның айтуынша, қазіргі кезеңде мемлекет пен бизнес арасындағы тиімді әріптестік өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі тетіктерінің бірі болып отыр.

– Бүгінгі кездесуіміз экономика үшін бетбұрыс кезеңінде өтіп отыр. Мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты – экономиканың өзі-өзі қамтамасыз ете алатын деңгейге жетуі. Бұл үдерісте басты рөл дәл сіздерге, экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындарға жүктелді. Сіздер – өңірдің сыртқы сын-қатерлерге төтеп беруін қамтамасыз ететін әрі сапа-

лы жұмыс орындарын құратын негізгі тірексіздер. Мемлекет пен бизнес – экономикалық өсімге, тұрақтылыққа және қоғам әлауқатын арттыруға бағытталған стратегиялық серіктестер, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Кездесу барысында мемлекеттік қолдау шаралары туралы Қарағанды облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев баяндады. Оның айтуынша, соңғы үш жылда өңірге 7,6 млрд доллар инвестиция тартылып, 50-ден астам жоба іске асырылған. Соның нәтижесінде шамамен 10 мың жаңа жұмыс орны құрылған.

Әлеуетті инвесторлармен жұмыс және жобаларды сүйемелдеу «бір терезе» қағидаты бойынша жүргізіледі. Бұл жүйе инвесторларға қажетті құжаттарды рәсімдеу мен жобаларды іске асыру барысында туындайтын өкілшілік кедергілерді азайтуға мүмкіндік береді.

– Бүгінде өңірдің инвестициялық портфельінде жалпы құны 6,2 трлн теңгені құрайтын 146 жоба бар. Оның ішінде 129 жоба Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға енгізілген. Облыс әкімі төрағалық ететін Өңірлік инвестициялық штаб аясында 19



отырыс өткізіліп, 150-ден астам мәселе қаралды. Олар инженерлік инфрақұрылым тартудан бастап, лицензиялау және қаржыландыруға дейінгі түрлі мәселелерді қамтиды, – деді Асқар Ғазалиев.

Өңірде инвестицияға тапсырыс қағидаты да енгізілген. Соған сәйкес басым жобалардың тізімі жасалып, ол Сыртқы істер министрлігі мен ұлттық компания KAZAKH INVEST-тің шетелдегі өкілдіктері арқылы әлеуетті ин-

весторларға ұсынылады. Қазіргі уақытта бірқатар ірі халықаралық компаниялардың қатысуымен маңызды жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Сондай-ақ, инвесторлардың құқықтарын қорғауға да ерекше назар аударылып отыр. Прокурорлық сүзгі тегіне сәйкес, бизнеске қатысты кез келген шектеу шаралары прокуратураның келісімімен ғана қабылданады. Бұл кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды кү-

шейтуге және өкілшілік қысымды азайтуға бағытталған.

Өңірде мемлекеттік қолдаудың барлық негізгі құралдары кеңінен қолданылуда. Олардың қатарында несиелерді субсидиялау мен кепілдендіру, гранттық қаржыландыру, сондай-ақ, инженерлік инфрақұрылым тарту шаралары бар. Одан бөлек, облыста кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған «Іскер аймақ» атты жаңа бағдарлама іске қосылды.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Бизнес, ғылым және мемлекет арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында Qartech индустриялық-инновациялық хабы құрылған. Бұл алаң жаңа технологияларды енгізуге, инновациялық жобаларды дамытуға және өндірісті жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Кездесу барысында кәсіпкерлер жергілікті өндірісті заңсыз импорт пен демпингтен қорғау, электр энергиясымен қамтамасыз ету, сондай-ақ, қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміне енгізу мәселелері бойынша өз ұсыныстарын айтты. Өңір басшысы көтерілген мәселелердің барлығы назардан тыс қалмайтынын атап өтті.

Ермағанбет Бөлекпаев экономикалық трансформация жағдайында негізгі міндеттердің бірі – қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру және бизнес мәселелерін жедел шешу екенін айтты. Мұндай кездесулер кәсіпкерлермен тұрақты түрде өткізіліп, бизнес пен билік арасындағы ашық диалогты дамыту жалғасын табады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Түркі әлемінің феномені

Жаратушы назары түскен халыққа пайғамбардай бір ұл берді. Мұндай перзенттің жүрегі еліне қараңғы түнекте жарық шашатын алауға айналады. Әлем әуелден ұлымдық пен ізгілікке бөлінген. Тен жартысы аққа, тен жартысы қараға бөлінген. Бір ғасырда бір туатын ұлы көшбасшылар, рухани көсемдер, күрескерлер, қайраткерлер тепе-теңдікті сақтаушы күштің ролін атқарады. Олар болмаса, әлем баяғыда-ақ хаосқа ұшырар ма еді?! Осы тұста «Жер бетінде ақырғы әулие өлген күні, ақырзаман келеді» деген тәмсіл еске түседі. Әлемде жұртын еркіндікке жеткізу жолында аянбаған, сол дүмпуімен, үнімен өз елін ғана емес, жер шарының езгі көрген басқа да қауымын оятқан рухы ерек жаратылған тұлғалар бар. Олардың аруақты сөздері азаттықты кастерлеген халықтардың ұранына айналған. Әлихан Бөкейхан да сол төрде.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақтың классик жазушысы Мұхтар Мағауин «Аруақ жоқ болса, қазақ та жоқ» деген сөзі бар. Аузы дуалы ақсақалдар «Аруақтар Жаратушыдан осы Ел-ананың, атажұрттың тілеуін тілейді. Сол тілеулеріне қарай Жаратқан осы елдің қамалы болуға жарайтын жүрегі түкті, айдарлы ерлерді нәсіп етеді» деген әңгімелерді айтып отыратын. Мұхтар Мағауин тағы да «Жан – Алланың, жазу – аруақтың аманаты» деп жазды. Бұл жерде «жазу» деген сөздің мағынасы терең. Ұлт көсемінің тұлғасын өзімізше ашу үшін осы сөздің терініне үнілу керек деп ойлаймыз. Ақсақалдар «Ер ел үшін туады. Ердің әуелгі мұраты – елді сақтау» деп отыратын. Әр адам жарық жалғанға өз мис-

сиясын аркалап туады. Әлихан Бөкейханның аруақтан аманаттап алған қасиетті миссиясы – қазақтың баласын азаттыққа жеткізу еді, көсегесін көгертіп, шаңырағын биіктету еді.

Ал, ол Аманат кімдерден жетті? Осыған жан назарын бұрмасқа болмас. Ата тегі адамзат тарихындағы ұлы жиһангерлердің бірі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайды. Арғы атасы – атақты Барақ сұлтан. Қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей – осы Барақ сұлтанның баласы. Бөкейдің Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханның әкесі Нұрмұхамед, Нұрмұхамедтен Әлихан туады. Әлихан бабамыздың шежіресін оқып отырып, арқамыз шымырлап, бойыңызға алапат күштің сарқыты дарығандай күй кешеміз. Әлихан Бөкейхан – әлемнің тепе-теңдігін сақтаған дала данышпандары



елдің тұңғыш қара нәсілді президенті болған Нельсон Манделасын, АҚШ тәуелсіздігіне жол ашқан ұлттық қаһарманы Джордж Вашингтонның, Түркия халқы Республиканың негізін қалап, елді жаңғыртқан Мұстафа Кемал Ататүрікті, Оңтүстік Америка жұрты құрлықтағы Испания отаршылдығын тыйып, Венесуэла, Колумбия, Боливия, Эквадор тәуелсіздігіне ықпал еткен Симон Боливарды төбесіне тұтады. Бұлар – кейінгі ғасырларда жер бетіне әділеттің орнауы үшін арпалысқан қаһармандар. Тізе берсек, әділет үшін шырылдаған, ізгілікке бастайтын идеяларды қолдаған халықтардың қаһарманына айналған өжет ұлдар жетерлік. Әлихан Бөкейхан ше? Ол – мыңжылдықтар бойы найзасы көк тіреген түркі қағанатының, құрлықты тітіренткен көшпелі жұрттың жаңа дәуірге кадам басқан ұрпағына шырақ алып келген ағартушы қаһарман бола алды. Алағай мен бұлағайда, жар шетінде тұрған жұрттың бағына туған көсем!

және жауынгер көшпелілерді ұлы ұлысқа айналдырған Хан тегінің соңғы қуатты толқыны еді. Сол толқын бодандықтың қабырғасын сетінетті.

Бабамыздың «Хан баласында қазақтың хақысы бар еді, тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген сөзін бүгінде «Елім!» деген ерлер жүрегінің төріне Күн етіп орнатты, үйінің төріне жарқыратып іліп қойған. Бұл – ұлтты ұйыстыра алатын сауелелі сөз. Әлихан Бөкейхан – империя құрған, төрт тарабына ирі

жүрген, ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс болған баһадүр бабаларынан жеткен аманатқа адал болды. Сол жолда тәуекелге бел буып, ғұмырын арнады.

Әлихан Бөкейханның қазаққа сіңірген еңбегі тұрасында том-том кітап жазылды. Әлі де зерттеушілердің назарына ілікпеген ғұмырының жарық түспеген тұстары баршылық. Өйткені, ол бір өзі тұтас ғасырға айналған заңғар тұлға. Ол – қазақ үшін ұлт-азаттық Алаш қозғалысының көсемі, көрнекті мемлекет қай-

раткері, журналист, көсемсөзші, аудармашы, жан-жақты энциклопедист ғалым.

Әлихан Бөкейхан – қазақ халқының ғана емес, тұтас түркі халықтары үшін аласармас асқар, қайталанбас феномен. Үндістан Ұлыбританияның отаршылдығынан азат ету қозғалысының көшбасшысы болған, зорлық-зомбылықсыз күрес идеясын бүкіл әлемге таратқан Махатма Гандиін, Оңтүстік Африка халқы «апартеидке қарсы күрестің» символы, 27 жыл түрмеде отырып, кейін

Ұлт көсемі һәм ұлттық құндылық

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әлемдік тарихты зерделегенде әр ұлттың қалыптасу кезеңінде шешуші рөл атқарған көшбасшылар ерекше бағаланады. Қазақ тарихында Керей мен Жәнібек, Абылай, Кенесары, Абай сынды тұлғалар мемлекеттік пен рухани жаңғыру кезеңдерін айқындаса, XX ғасыр басындағы ұлттық саяси жаңғыру дәуірінің көшбасшысы – Әлихан Бөкейхан.

Әлиханның ерекшелігі – ол қарулы көтеріліс жолын емес, саяси ұйымдасу, құқықтық күрес, баспасөз, ағартушылық және институционалдық құрылым құру жолын таңдады. «Қарқаралы құзырхаты», Мемлекеттік Думадағы қызметі, «Қазақ» газетінің ұйымдастырылуы, Алаш партиясының құрылуы – мұның барлығы бір жүйелі стратегияның нәтижесі еді.

Бұл жерде ерекше назар аударатын жайт, Әлихан бастаған қозғалыстың ұлтшылдығы. Бұл үстемдікке құрылған ұлтшылдық емес, отаршылдық езгіден құтылуға бағытталған, ұлттың табиғи құқығын қорғауға негізделген ұлтшылдық екені даусыз.

Әлихан Бөкейханның өзі бұл ұстанымды ашық білдіріп, баспасөз беттерінде «Бостандыққа апаратын жол – ұлттық ынтымақ қана» деп жазуы да бекерден бекер емес.

Әлихан Бөкейханның ұлттық мемлекет туралы көзқарасының өзегінде бір қарағанда қарапайым көрінетін, бірақ стратегиялық мәні терең қағида жатқанын аңғара аламыз. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан өзінің қоғамдық қызметіне өзек, Алашорда идеясына тұғыр болған бес ұстанымның төртіншісінде: «Қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек», – делі.

Қазіргі таңда да еш өзектілігін жоймаған тіл мәселесіне де Әлихан ерекше мән беріп: «Ғұмыр бәйгесінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар» деп жазуы да тегін емес. Тек жазып қана қоймай, нақты сол бағытта әрекет етіп қазақтың байырғы, қонғи мұрасын қазаға қаттап, бүгінгі күнге жеткізгенінің өзі тұтас бір институттың жұмысы ма десең. Оның публицистикалық мақалаларында мақал-мәтелдердің, халықтық тіркестердің, дәстүр-салт сананың кездесуі кездесейсің емес. Патша цензурасы мен Советтің сұрқия саясаты қыспаққа алған кезде де ол баспасөз арқылы ұлттық сананы оятуды басты мақсаты деп білді.

«Құрғақ қасық ауыз жыртады» дегендей, оның қызметі де ауызекі күйінде қалмады. Әлихан қазақ тілінің ғылыми мүмкіндігін кеңей-



Әлихан Бөкейхан Алаш зиялыларының ортасында. 1908 жыл

туге нақты әрекет жасады. Фламарионның «Астрономия әліпбиі», Д.Тутковскийдің «Жердің қысқаша тарихын» қазақ тіліне аудару арқылы ұлттық тілдің аясын кеңейтті. Бұл елеулі еңбектер арқылы қазақ тілі алғаш рет жаратылыстану ғылымының ұғымдарын игере бастады. Әлихан ана тілін тек этнографиялық сипаттағы тіл емес, ғылым мен саясаттың тіліне айналдыруды көздеді.

Сол сияқты, дін мәселесінде де ол фанатизмге емес, мәдени-өркеніеттік тұтастыққа мән берді. Ал, діл ұғымын тарихи тәжірибе мен рухани қолтың жиынтығы ретінде қарастырды. Ұлттық мемлекет осы ұштаған – тіл, дін, діл – негізінде ғана орныға алады деп санады.

Алаш зиялыларының «даланы қанға бөкпирмей, сананы жаңғырту арқылы мемлекет құру» идеясы – сол кезең үшін өркеніеттік таңдау болды. Олар ұлттық мемлекетті революциялық зорлықпен емес, интеллектуалдық дайындықпен орнатуды мақсат етті. Бұл көзқарас бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін де өзекті: ұлттық мемлекет қарумен емес, санамен, біліммен, институционалдық беріктікпен бекемделеді.

Тарихи идеялардың тағдыры әртүрлі. Кейбірі өз дәуірінде жарқ етіп, кейін ұмыт қалады. Ал кейбірі уақытша жеңілгенімен, ұлт жадында сақталып, кейін жаңа тарихи жағдайда қайта жанданады. Әлихан бастаған Алаш ұстанымы терең идея.

XX ғасырдың басында толық жүзеге аспаған ұлттық мемлекет жобасы XXI ғасырда тәуелсіз Қазақстан түрінде тарихи жалғасын тапты. Бұл жерде сөз жай ұқсастық туралы емес, мазмұндық сабақтастық туралы.

Әлихан Бөкейхан үшін жер мәселесі – экономикалық категория ғана емес, ұлттық болмыстың

өзегі еді. Патшалық Ресейдің қоныстандыру саясаты қазақ даласын ішкі губерниялардан келген шаруаларға беру арқылы қазақтың тіршілік негізін әлсіретуге бағытталғанын ол ерте ескерді.

Жерден айырылу – болашақтан айырылу екенін түсінген қайраткер ұлттық мемлекеттің тірегі ретінде жерге иелік ету мәселесін күн тәртібінен түсірген жоқ. Бұл ұстаным кейін Алаш бағдарламасында да айқын көрініс тапты.

Бүгінгі Қазақстан жағдайында да жер – тәуелсіздіктің символы ғана емес, негізгі ресурс. Мемлекет басшылығының жер мәселесіне қатысты ұстанымдары, аумақтық тұтастыққа ерекше мән беруі – Алаш идеясымен табиғи үндестік табады.

Әлихан Бөкейхан саяси тәуелсіздікті экономикалық дербестіксіз елестеткен жоқ. Оның публицистикасында қазақ қоғамының шикізат өндіріші шеңберінде қалып қою көпшілігі жеткілікті. «Бір уыс жүн» арқылы кооперация құру, жергілікті өндірісті дамыту идеялары – сол кезең үшін батыл экономикалық көзқарас еді. Бұл – ұлттық байлықты өз игілігіне жарату принципі. Қазіргі Қазақстан да ұзақ уақыт шикізат экспортына тәуелді модельмен өмір сүріп келеді. Алайда, соңғы жылдары индустрияландыру, өңдеу өнеркәсібінің дамуы, экономиканы әртарапандыру бағытындағы саясат – тарихи тұрғыдан алғанда Алаш ұстанымымен үйлеседі.

Әлихан Бөкейханның ең басты тарихи еңбегі – идеяны институтқа айналдыру әрекеті. Партия құру, съездер өткізу, баспасөз ұйымдастыру, келіссөздер жүргізу – мұның барлығы саяси мәдениеттің жаңа деңгейін қалыптастырды.

Бүгінгі Қазақстан – халықаралық деңгейдегі алпауыт мемлекеттердің қатарына енді. Конституция-

сы бар, институттары қалыптасқан мемлекет. Бұл институционалдық мемлекетшілдіктің жемісі. Өрине, тарихи жолы басқа, саяси контексті бөлек. Бірақ, ұлттық мемлекеттілік идеясының институционалдық жүзеге асуы – мазмұндық тұрғыдан Алаш мұрасымен байланысты.

Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық құндылықты ұранмен қорғау мүмкін емес. Мұны Алаш тәжірибесі дәлелдейді. Бүгінгі кезеңде бұл модель жаңа мазмұнда көрініс табуы қажет. Білім жүйесінде ұлттық мазмұнды күшейту, мәдени саясатта тарихи сабақтастықты сақтау, заңнамалық деңгейде мемлекеттік тілдің мәртебесін нақтылау, қоғамдық жауапкершілікті арттыру – бұлар декларативті емес, құрылымдық шешімдер. Ұлттық мемлекет бір күнде қалыптаспайды. Ол тарихи жадқа, тілдік тұтастыққа, рухани жауапкершілікке сүйенеді. Алаш көсемінің мұрасы осыны дәлелдейді: ұлттық құндылық үлкен емес, жүйелі саясатпен бекітіледі.

Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялылары ұлт тағдырын қарумен емес, санамен, ұранмен емес, бағдарламамен, кездейсоқ серпінмен емес, жүйелі саяси оймен шешуге ұмтылды. Олар ұлттық құндылықты тек сақтау емес, оны мемлекеттік құрылымға айналдыру жолын ұсынды. Тіл – қоғамдық сана тегіне, жер – экономикалық негізге, ұлттық діл – саяси тұтастықтың тірегіне айналдыру тиіс.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан жағдайында Алаш мұрасы – тарихи қатпар ғана емес, стратегиялық бағдар. Мемлекетшілдік мәдениеті, құқықтық ойлау, ұлттық жауапкершілік – мұның бірі XX ғасыр басындағы Алаш идеясының заманауи жалғасы. Сондықтан, Әлихан Бөкейхан тұлғасын ұлықтау – тек тарихи парыз емес, ұлттық болашақты пайымдаудың қажетті шарты.

• АСЫЛ МҰРА

Архив ашқан ақиқат

Әлихан Бөкейхан туралы сирек айтылатын деректерге көз жүгірткенімізде оның ғазиз ғұмыры мен қалтқысыз қызметі туралы көптеген еңбектер жазылғанымен, соңғы жылдары жарыққа шыққан архив материалдары ұлт көсемінің бұрын көп айтылмаған қырларын да көрсетіп отыр.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Туған жылы туралы талас

Көпшілік деректерде Әлихан Бөкейханның туған жылы 1866 деп көрсетіледі. Алайда, кейбір зерттеушілер оның 1870 жылы туғанын алға тартады. 1917 жылғы сьездерге байланысты анкеталық құжаттарда ол өзінің жасын 48 деп көрсеткені белгілі. Бұл мәліметтерді Омбы техникалық училищесі мен Санкт-Петербургтағы орман институтының архив құжаттары да жанама түрде растайды. Қазіргі зерттеушілер арасында бұл мәселе әлі де талқыланып келеді.

Есім-сойының тарихи мәні

Жастық шағында оның ресми фамилиясы Нұрмұхамедов болған. Кейін ол өз еркімен Бөкейханов деген фамилияны қабылдайды. Тұспалды таңдау тегін емес еді. Ол орта жүздің соңғы сайланған хандарының бірі Бөкей хан әулетінің ұрпағы болатын. Осылайша Әлихан өз тегіндегі мемлекеттік дәстүрді символдық тұрғыда жаңғыртуды көздегені анықталды.

Самара кезеңі және қоғамдық қызмет

XX ғасыр басында Әлихан біраз уақыт Самарада тұрған. Сол жылдары ол экономикалық қызметпен айналысып, банкте бағалаушы болып жұмыс істегені айтылады. Сонымен қатар, ол қазақ қоғамындағы ағартушылық бастамаларды қолдап, ұлттық баспасөздің дамуына да жан-жақты көмектесті. Оның қолдауымен 1913 жылы жарық көрген «Қазақ» газеті қазақтың қоғамдық-саяси ойының орталығына айналды. Газеттің редакторы ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы болды.

Уақытша үкімет комиссары

1917 жылғы Ақпан революциясы Ресей империясының саяси жүйесін түбегейлі өзертті. Осы кезеңде құрылған Ресейдің Уақытша үкіметі Әлихан Бөкейханды Торғай облысының комиссары етіп тағайындады. Бұл

қызмет сол уақыттағы мұсылман халықтары өкілдерінің арасындағы ең жоғары әкімшілік лауазымдардың бірі болатын.

Түрмедегі «сабақ»

Саяси күрес жолы оңай болмағаны белгілі. 1908 жылы ол патша билігіне қарсы шыққан либералдық қозғалыстармен байланысы үшін қысқа мерзімге түрмеге қамалды. Сол кезеңде Әлихан абақтыда отырған жас қазақ зиялыларымен пікір алмасып, тарих, саясат және экономика жөнінде әңгімелер өткізгені туралы естеліктер сақталған. Кейін бұл жастардың арасында Әлімхан Ермеков пен Халел Ғаббасов сияқты Алаш қозғалысының белсенді өкілдері де болды.

Отбасы және жеке өмірі

Әлихан Бөкейханның жары – орыс қызы Елена Севостьянова. Ол 1918 жылы Семейде ауыр дерттен қайтыс болған. Ұлы Оқытай Бөкейханов (Сергей) кейін ғылым жолын таңдап, геология саласында еңбек еткен.

Әртарапты (көпқырлы) тұлға

Замандастарының айтуынша, Әлихан бірнеше тілді еркін меңгерген. Экономика, тарих, этнография салаларында зерттеулер жазған. Ол, сондай-ақ, атакты Брокгауз бен Ефронның энциклопедиялық сөздігіне автор ретінде қатысқан.

Ұлт тарихындағы орны

Әлихан Бөкейхан – қазақтың ұлттық мемлекетшілігі идеясының XX ғасырдағы басты сәулешілерінің бірі. Оның саяси қызметі мен ағартушылық еңбегі қазақ қоғамын жаңғыртуға бағытталды. Бүгінгі күні архив деректерінің ашылуы оның өмірі мен қызметін жаңа қырынан танып-білуге мүмкіндік беріп отыр.

Ұлт көсемінің мұрасы – тәуелсіз Қазақстан тарихының маңызды бөлігі. Оның идеялары елдің саяси мәдениеті мен ұлттық санасының қалыптасуына зор ықпал етті.



ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

– Соғыс жылдарында Қарағанды шахталарында жұмыс істейтіндердің 40-45%-ы әйелдер болды. 1944 жылға қарай көмір өндіру саласында 12 мыңнан астам әйел еңбек етті. Олар ерлермен тең дәрежеде ауыр техниканы менгеріп, норманы 200-300%-ға асыра орындаған.

■ ■ ■

– Дәл осы кезде ауыл шаруашылығында да негізгі күш әйелдерге түсті. Қарағанды облысының егін алқаптарында жүздеген әйелдер трактор тізгініне отырды. 1942 жылы облыс бойынша 25 әйелдер трактор бригадасы құрылды.

■ ■ ■

– Тек еңбек майданында емес, тікелей соғыс даласында да қарағандылық қыздар аз болған жоқ. Олар мерген, байланысшы және мейірбике ретінде танылды. Мәселен, Қарағанды қаласынан соғысқа 600-ден астам әйел аттанды.

■ ■ ■

– Әйелдер тек жұмыс істеп қана қоймай, өздерінің жеке жинақтары, жылы киімдерін майданға өткізді. Қарағандылық әйелдер мен қыздар майдандағы жауынгерлерге 150 мыңнан астам жылы киім, яғни, қолғап, шулық, тон тігін жіберген.

■ ■ ■

– Қарағанды соғыс кезінде эвакуацияланған жаралыларды емдейтін ірі орталық болды. Облыс аумағында 10-нан астам эвакуогоспиталь жұмыс істеді. Ондағы қызметкерлердің 90%-ы жергілікті әйелдер мен қыздар болды.

– Қарағандылық донор-әйелдер соғыс жылдарында жаралы жауынгерлер үшін 1200 литрден астам қан өткізген. Олар жұмыстан соң госпитальдарға келіп, жаралыларға хат жазып беріп, рухани демеу болған.

ТАРИХ ҺӘМ ТАҒЫМ

Жеңісті жақындатқан арулар

Кешегі сұрапыл соғыс жылдары майданға аттанған ерлердің орнына қолдарына қайла мен шойбалға алып, жетікат жер астына сүңгіп, кен қопарған Қарағанды әйелдерінің ерлікке пара-пар еңбектері талай айтылып, жазылып жүр. Әлі де айтыла беретін шығар. Өйткені, қазіргі ұрпақтың жаңа легіне мына мамыражай бейбіт өмір оңайшылықпен келмегенін, ата жаумен айкаста жеңіске жетуімізге тыл еңбеккерлері, соның ішінде әйелдер де орасан зор үлес қосқанын біліп жүрсін деп, саналарына сіңіре беру қажет деп білеміз. Бұл тұрғыда сарғайған газет беттерін ақтарып, аға ұрпақ өкілдері, апаларымыз бен әжелеріміз не жазғанын білген де артық болмас.

Биыл алғашқы саны шыққанына 95 жыл толғалы отырған кешегі «Советтік Қарағанды», қазіргі «Орталық Қазақстан» газеті сол ерлік еңбектің жылнамасын жасап отырған. Бұдан аттай 83 жыл бұрын, яғни 1943 жылдың 7 наурызында Қарағанды қалалық партия комитетінің хатшысы М.Кротикова деген кісі «Қарағанды әйелдері көмір үшін күресте» деген мақаласында біз еске алып отырған оқиғалардан біраз мәлімет берген екен.

«Ерлер мамандығын игере білудің бірінші инициаторы болған екі әйел – Жәкен Мұқанова мен Күләй Құлжанова еді. Әйелдердің жиналысында Мұқанова: «Мен шахтада навалотбойщик болып істеуге барамын, бұл жұмыстың қиын екенін де білемін. Бірақ, неміс помещиктерінің күні болып, оларға тізе бүгуден қиын ешнәрсе жоқ», деген болатын. Мұқанова жолдас жауды жеңу үшін өзінің еңбегімен басқаларға үлгі боларлық істер істеді. Жанқиярлықпен жұмыс істеп, майданға көмектескені үшін үкімет оны Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтады», – деп бастайды автор.

Мұнан кейін Мұқанованың үлгісі аз уақытта мыңдаған әйелдерге тарағанын келтіреді. Калинин атындағы шахтада Қарағанды көмір бассейнінде тұңғыш рет Поля Попова басқарған, онан кейін іле-шала №33-31 шахтада Кравченко басқарған әйелдер бригадасы құрылады. Мұндай бригадалар №№52, 19, 26 шахталарда да пайда болады. Киров атындағы шахтада байырғы кенші Соболевтің басқаруымен ыңғай қыздардан тұратын бригада қадамын бастайды.

«Қарағанды бассейнінде Отан соғысы басталғанға дейін бірде бір әйел запальщик болып көрген емес еді. Қазірде бұл мамандықта жүздеген әйел істейді. Олардың ішінде №18 шахтадан Маш-



Қарағандының даңқты кенші әйелдері Жәкен Мұқанова мен Күләй Құлжанова

кеева, №20-бис шахтасынан Шестакова өздерінің стахановтық қарқындары үшін «Социалистік жарыс үздігі» белгісімен марапатталды. Жүздеген әйелдер машина-механизмдерді менгеріп, слесарь, электровоз машинисі, моторист, токарь болып істейді. Киров атындағы шахтада электровоз машинисі мамандығын комсомол мүшесі Майорова аз уақытта игере білді. Горбачев атындағы шахтада комсомол Потлова екі мамандықты – лесогон және слесарьлықты игерді, енді үшінші мамандық алуға ниетті», – деген деректер келтіріп, аттары ұмыт болған еңбек ерлерінің есімдерін еске салады.

Қазіргі ұрпаққа «навалотбойщик», «запальщик», «электровоз машинисі», «лесогон» деген сөздер, мамандық атаулары түрпідей тиіп, таңсық болуы ғажап емес. Шынында да бұл қандай мамандықтар? «Навалотбойщикті» көмір құлаушы деп қазақшалап жүрміз. Ол кезде көмір забойында үңгілеу машинасы көмір қабатының астыңғы жағын үңгіп қазады да, кен жұмысшысы шойбалғаман (отбойный молоток) үгітіп, конвейерге құлатады. Өте ауыр, қауіпті, тек қарулы еркектер атқаратын жұмыс. Ал «запальщик» дегеніміз кенді дәрімен қопаратын жарғылғыш затты тұтандырушы. Жер астында теміржолмен жүріп, аккумулятордан ток алатын машинаны да электровоз деп атайды. «Лесогондар» жер астындағы қазбаларға тіреу болатын ағашты түсірушілер. Мұны тәптіштеп түсіндіріп жатқанымыз осының бәрін бұрын ерлер ғана атқаратын. Қарғыс атқыр соғыс әйелдердің мойнына кеншінің ауыр қамытын кигізді ғой...

Тағы бір біздің назарымызға ілінген мақаланың авторы – қарағандылықтардың аға ұрпақ өкілдеріне есімі жақсы таныс Фатима Дәненова. Ол кісі соғыс жылдары облыстық партия комитеті хатшысының әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі орынбасары болып істеген. Иә, кезінде осындай да лауазым болған. Ұлы Отан соғысы жылдары ұлт республикаларында, облыстарда, қалалық, аудандық партия комитеттерінде әйелдер арасында жұмысты басқаратын арнайы бөлімдер, ал мекеме, кәсіпорындарда әйелдер кеңесі құрылған болатын. Өйткені, әйелдер өндірісте, ауыл шаруашылығында жаппай жұмысқа алынып, олардың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешу қажет болды.

«Ауыл шаруашылығындағы әйелдеріміз майданды азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін демалысыз жұмыс істеп, еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп отыр. Литвинск МТС-нен Лагушина, Прокофьева, Егорова, Юлина, Токарев МТС-нан Белалучкая, Ростов МТС-нан Новокрещенова жолдастар комбайндарын жақсы күтіп, жанармайын үнемдегені үшін облыстық Құрмет тақтасына жазылып отыр. Облысымызда бұл сияқты еңбек ері әйелдерді жүздеп санауға болады», – деп жазған екен Фатима Құсайынқызы өзінің газетімізде 1943 жылдың 29 қыркүйегінде жарияланған «Қарағанды облысының әйелдері Отан соғысы күндерінде» деген ұзақ мақаласында. Онда автор жалпы алғанда шахтада, ауылда жанқиярлықпен жұмыс істеп, жеңіс сағатын жақындатып жүрген нәзік жандар туралы тебірене жазады.

Қарағанды облысының әйелдері соғыс жылдары майданға жылы киімдер жіберіп, эшелон-эшелон азық-түлік аттандыруға, вагондарға көмір тиеуге қатысты. Өз қаражаттарынан «Қарағанды қаласының әйелдері» атты санитарлық авиация құруға қаржы жинады. 1944 жылдың 1 қаңтарында облыстық газеттерде Жоғарғы Бас қолбасшының атына жолданған жеделхат мәтіні жарияланды. Онда былай делінген:

Москва, Кремль, Сталин жолдасқа.
Қымбатты Иосиф Виссарионович!
Қарағанды әйелдері көмірдің Отанға өте қажет екендігін біліп, көмір тиеуіне ынтылы қатынасты, көмір тиеуден және де қоғам қызметіндегі әйелдердің күшімен қойылған концерттерден түскен қаржыларды «Қарағанды қаласының әйелдері» атына санитарлық авиация звеносын жасау қорына беруге ұйғарды. 185 мың сом қаржы Отан қорғау қорына тапсырылды.

Қымбатты Иосиф Виссарионович!
Авиациялық заводтардың біріне «Қарағанды қаласының әйелдері» атына санитарлық авиация звеносын құру туралы нұсқау беруіңізді Сізден қатты өтініп сұраймыз.

Қарағанды қаласындағы әйелдердің тапсыруы бойынша: (9 әйел қол қойған).
«Қарағанды әйелдері азат етілген Украина мен Белоруссияның Чистяково қаласындағы балалар үйінің құрылысына 1307 мың сом, Минск қаласындағы осындай құрылысқа 395 мың сом қаржы жинады, Витебск қаласындағы балалар ясли жабылды. 22 жұмысшы әйел КСРО орден және медальдарымен, 97 адам ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен, 65 адам КСРО Көмір өнеркәсібі министрлігінің Құрмет белгілерімен марапатталды», – делінеді «Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясында.

Алайда, сол басылымда атап өтілгеніндей, 1985 жылы Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда еңбек еткен Қарағанды кенші әйелдерінің құрметіне ескерткіш орнату туралы қабылданған шешім, міне, 40 жыл өтті, әлі күнге орындалған жоқ. Дұрыдап Ұлы Жеңістің 80 жылдығына да атап өттік. Ал, байырғы шешім «баяғы жартас сол жартас» (Абай) күйінде қалып отыр. Сүйекке таңба өзі! Облыс, қала басшылығы мен депутаттар корпусына осыны құлаққағыс еткіміз келеді. Қарағанды кенші әйелдерінің тылдағы ерлігі бір ескерткіш емес, талай монумент орнатуға лайық.

Аман ЖАНҒОЖИН,
ардагер журналист
Сурет «Ortalyq Qazaqstan»
газетінің мұрағатынан

МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

«Аспанға жазам сенің есіміңді...»

Көктемнің алғашқы лебімен бірге дүние дидарына нұр болып енетін, табиғат-ананың қайта түлеген шағымен үндесетін ең шуақты мереке – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні де келді. Бұл айшықты күн – тек күнтізбедегі қызылмен белгіленген дата ғана емес, бұл – әлемді тербеткен Әйел-Анаға деген шексіз тағзым мен іңкәрліктің асқақ жыры. Нәзіктік пен парасат салтанат құрған бұл сәтте жержаһан мейірімге бөленіп, тіршілік атаулы ананың аялы алақанынан жылу іздегендей күй кешеді. Сондықтан да, сәулелі сәтте айтылар ақжарма тілектер мен ең асыл теңеулердің барлығы – өмірдің өзіне айналған, шуағын шапқан арулардың құрметіне арналмақ.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақ дүниетанымында анаға деген құрмет – тал бесіктен басталған киелі ұғым. Біз – Ұмай ананың тектілігін бойына сіңіріп, Домалақ ананың даналығымен сусындаған халықпыз. Ұлылардың заңғар биікке шығуына, батырлардың қайтпас қайсар болуына себепкер де – Ана. Халқымыздағы «Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен» деген терең мағыналы тәмсіл ананың қоғамдағы, ұлт болашағындағы орнын айқын айшықтайды.

Ананың әлдімен құлағымызға ана тілі сінді, мейіріммен жүрегімізге адамгершілік ұялады. Сондықтан да, қазақ баласы үшін ана – таусылмайтын мейірім, сарқылмайтын бұлақ.

Қазақ әйелінің тарих сахнасындағы бейнесі – төзім мен парасаттың символы. Қазақтың ақиық ақыны Қадыр Мыр-



за Әлі: «Төзімді берсе сенің темірге, темірдің де түгі кетпес көмірге. Қазақ қызы, қайран қазақ әйелі, не көрмедің, не көрмедің өмірде?!» деп жырлағандай, нығымен тарихтың талай тауқыметін көтере білген қайсар жандар – біздің аналарымыз. Төзімділігі айбаты, Қарқабат ананың кеңдігі, Мәншүк пен Әлияның өршіл рухы – бүгінгі арулардың да бойынан табыла беретін асыл қасиеттердің қайнар көзі.

Алаш арысы Мағжан Жұмабаевтың:

«Әйел – ердің тәңірі, жарата алады, сүйдіреді де алады, күйдіреді де алады», – дегені тегін емес. Бұны әйел затының құдіретіне, оның ер-азаматтың рухын көтеріп, биік белестерге жетелейтін күшіне берілген ең жоғары баға деп білесек болады.

Бүгінгі таңда да қазақ әйелдері қоғамның қай саласында болсын, білім мен ғылымда, медицина мен мәдениетте, журналистика мен өндірісте ел дамуының қозғаушы күшіне айналды. Олар мемлекетісіне араласа жүріп, ошақ қасы-

ның алтын қазығы болуды, ұлт тәрбиесін ұлықтауды қатар алып келеді.

Жаһандану дәуіріндегі еліміздің білім беру саласы – толықтай нәзік жандылардың иығында тұр десек, асыра айтқандық емес. Оқу-ағарту министрлігінің соңғы деректеріне сүйенсек, еліміздегі педагогтердің 81,9 пайызын әйелдер құрайды. Бұл – жарты миллионға жуық, нақтырақ айтсақ, 492 938 ананың ұлт болашағын қалыптастырып, өскелең буынды білім нәрімен сусындатып отырғанының айқын айғағы. Осынау ұлы миссияны абыроймен атқарып жүрген ұстаздар қауымы – ұлттың зияткерлік әлеуетін сақтаушы нағыз жанашырлар.

Өйткені, ана тәрбиесі – ұлт тәрбиесі. Өр перзенттің мінезі мен адамгершілігі – ананың төккен мейірімі мен ықыласының жемісі. Халық даналығындағы: «Ананды Меккеге үш рет аркалап апарсаң да, қарызыңнан құтыла алмайсың», – деген сөз ана еңбегінің өлшеусіз екенін білдірсе керек. Кеменгер жазушы Мұхтар Мағауин айтқандай: «Әлемдегі ең сұлу – қазақ әйелі: менің жарым, менің анам, менің қызым. Қазақты қазақ қылған осы әйел болатын, сұлу ғана емес, сымбатты, мінезді, ақылды, адал жар, абзал ана, ағайынға қамқор, ауыл-аймаққа құт, ердің мақтаны, елдің көркі».

Әйел заты – жер бетіндегі ізгілік пен парасаттың, шексіз мейірім мен шуақтың бірегей қайнар көзі. Әлемнің жарығын сыйлаған, тіршіліктің тал бесігін тербеткен аяулы аналар мен қадірлі арулардың алдында бүкіл адамзат баласы қарыздар.

Шынығында, анаға деген құрмет бір күнмен шектелмейді. Ана есімі – адамзат үшін мәңгілік киелі ұғым, аспанға алтын әріппен жазуға лайықты ұлы есім. Әлемнің жарығы мәңгі сөнбесін! Өйткені, сол жарықтың иесі де, киесі де – сіздерсіздер, аяулы Аналар мен қадірлі арулар!

Суретті түсірген Ақбота Мұхамедина

ЖЫР-ШАШУ

Мейірім

Айналайын аналар-ай, аналар!
Ұяң жүзін пейіліне іркіген.
Қарау жанды көріп жүзі қабарар,
Аппақ Ары – Ақ жаулығы – ілкіден!

Ғаламдардың шексіз-шетсіз мейірімі,
Аналардың жүрегіне байланды.
Көсегеміз көгерді де кей күні,
Жалған күннің жарығына жайланды.

Көктем келсе көңілдерге нұр құйып,
Сендерменен тіршіліктің мәні бар.
Қанаттанып қиялымыз тұр биік,
Шұғылалы шуақ-тайын аналар.

Кимешегін кие тұтып әзелден,
Ақзер әлем жүрегіне оранды.
Сендерсіңдер адамзатқа көнерген,
Еске салып жүре-тұғын обалды.

Жылу берген жанарынан таң нұры,
Жүрегінен тарайды бір жарық үн.
Жан дүнием жұбанады әр күні, –
Ана деген қасиетті арлы ұғым.

Түн ұйқысын төртке бөліп, кірпігін,
Кілт көтерген оятумен жарықты.
Бесігіне бес таянып мың күнін,
Арайына айырбастап алыпты.

Ақ тілегі ақтарылар әрдайым,
Жәудіреген сәбидегі жанарлар.
Жетім болып, шетін болып қалмайын,
Ортаймандар, қартаймандар Аналар!

Ерканат
КЕҢЕСБЕКУЛЫ

• АРУЛАР – АСЫЛ ЖАНДАР

Ел сенімін ақтаған

Қарағандының іргесіндегі Үштөбе ауылы соңғы жылдары тың тыныс алды. Бүгінде 5 мыңнан астам тұрғыны бар ажарлы қоныс – Бұқар жырау ауданындағы ең ірі әлеуеті жоғары ауылдардың бірі. Келбеті жайнаған, тіршілігі қайнаған ауылдың бүгінгі өзгерісінің басында жиырма жылдан астам уақыт жергілікті әкімдікте қызмет етіп келе жатқан Әлем Копбаева тұр. Бас маман болып еңбек жолын бастаған ол ел сенімін еңсеріп, ауыл әкімі болып сайланады.



Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Әлем Қайыржанқызының негізгі мамандығы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Екінші білімі – заңгер. Ол ауыл әкімдігіне қызметке қабылданғанында мемлекеттік қызмет саласының сырт көзге көріне бермейтін салмағы бар екенін түйсініпті. Жалындап тұрған жас маман әкімдіктің қазанында қайнап, тәжірибесін толықтырады. Жиырма жылға жуық уақыт тапжылмай әкімдікте қызмет істеген маман, әрине, ауылдағы әр мәселені бүгеге-шүгесіне дейін біледі. Ондай жауапты жаңға халық міндетті түрде сенім артады. Сөйтіп, осыдан үш жыл бұрын өткен әкім сайлауында ел сеніміне басымдық ие болған Әлем Қайыржанқызы Үштөбе ауылының әкімі болады.

Әлем Қайыржанқызы басқарып отырған округ құрамына Үштөбе, Сарыарқа, Құрылыс, Атамекен және Соқыр ауылы кіреді. Ауылда 167 шағын және орта бизнес нысаны жұмыс істеп тұр. 62 шаруа қожалығы, 24 серіктестік, 81 жеке кәсіпкер, 16 сауда дүкені бар. Шағын және орта бизнесте жұмыспен 1000 адам қамтылып отыр.

Биылдың өзінде сүт зауыты, құрғақ сүт қоспаларын өндіретін зауыт, мейрамхана мен екі азықтүлік дүкені өз жұмысын бастап, онда 34 ауыл тұрғыны жұмысқа орналасқан.

Ауыл әкімі елдімекеннің инфрақұрылымын жаңғыртуға ынта қойып отыр. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Сарыарқа ауылында Достық, Қайрат Жұмабеков және Ынтымақ көшелерінде жалпы ұзындығы 1,7 шақырым жолға орташа жөндеу жүргізілді. Наурыз және Болашақ көшелерінің ішкі жолдарына қиыршық тас төселді. Алаш және Болашақ көшелерінде 24 көше жарықтандыру бағаны орнатылды. Сонымен қоса, «СинеМидасСтрой» ЖШС-мен өзара ынтымақтастық орнатып, демершлік қаражат есебінен Мөншүк Мәмөтова және Ынтымақ көшелерінде жалпы ұзындығы 1 шақырым кентішілік жолдарға орташа жөндеу жасалған. Ауыл көшелеріне бейнебақылау камералары қойылып, ветеринариялық-профилактикалық жұмыстарға арналған мал ұстайтын қоршау салынды. Бүгінгі күні малы бар ағайынның көдесіне жарап тұр.

• ЖЫР-ТҰМАР

Әйел жыры

Қырық сиқыры енгізіп сабырға жан, Ер біткеннің төзімін сан ұрпаған. Тұзу жолға сүйсейді азаматын, Жаралып ап қисайған қабырғадан.

Бәрін тербер толғантар сіре, бұл күй, Жүректердің төріне тұнатын сый. Әйел – анаң, әпке, жар, қарындасың, Бас әріппен жазғың кеп тұрады ылғи.

Болмысыңның қалмаса оңы кеміп, Ер жетесің әп-сәтте жонып желік. Қанбай өссен ананың мейіріне, Жеңелерден іздейсің соны келіп.

Сұлу сүйсең жаныңды тырнап тұрып, Танытпайсың тегінде кіл қаттылық. Тек, Құдайдан тілейсің жатсаң-тұрсаң, Көрсетпесе екен деп бір жат қылық.

Құдай берген аямай сезім оған, Бас тарта алмас ер түгіл езің одан. Азаматы болмаса арманыңдай, Бара-бара айналар өзі соған.

Жамай алсаң өмірдің бір кетігін, Әйел сенен аямас үр кекілін. Түсіне алмай келемін, жігіттердің Хас сұлудан неліктен үркетінін...

Әйел жыры – таусылмас таңдайға құт, Әйел деген – әлем ғой таңдай жақұт. Міне, осыған сүйсініп тұмыр кешер, Ер-азамат боп туу қандай бақыт?!

Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ



• РУХ

Әділдік күзетіндегі Әйгерім

Қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуде нәзік жандылардың да үлесі орасан зор. Бүгінде құқық қорғау саласында әйел тергеушілердің ролі жылдан-жылға артын келеді. Әсіресе, әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстарды тергеуде олардың кәсіби шеберлігімен қатар, адамның жан дүниесін терең түсіне білетін сезімталдығы да үлкен маңызға ие. Кей жағдайларда жәбірленушінің психологиялық ахуалын ескере отырып, мұндай істерді әйел тергеушілердің қарауы заңмен де қарастырылған. Осындай жауапты міндетті күнделікті қызметінде абыроймен атқарып жүрген қазақтың ержүрек қызының бірі – Бұқар жырау аудандық полиция басқармасының аға тергеушісі Әйгерім Жанғазықызы Сүндет.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Соңғы жылдары бұл бағыттағы жұмысты күшейту үшін мемлекет тарапынан да нақты қадамдар жасалды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауды күшейтуде бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарға қол қойды. Бұл құжаттар қоғамдағы қауіпсіздікті нығайта отырып, тұр-

мыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен жәбірленушілерді қорғаудың нақты тетіктерін күшейтті.

Заң – оны жүзеге асыратын адамдардың адал еңбегі арқылы өміршең болады. Адам тағдырымен тікелей байланысты күрделі істерді тергеп, талай жанның үкілеген үмігін қайта үрлеген Әйгерім Жанғазықызы үшін тергеуші қызметі әділдікке деген ішкі сенімнің, адамға деген шынайы жанашырлықтың жарқын үлгісі дер едік.

Тергеуші мамандығы негізінен салқын ақыл мен нақты дәлелдерді талап етеді. Бірақ, әйелдер мен балаларға қатысты істерде заңнан бөлек жүрек жылуы да қажет. Жәбірленушінің қорқынышы мен күйзелісін түсініп, оның сеніміне кіру – әр тергеушінің қолынан келе бермейді. Әйгерім Жанғазықызы мұндай сәтте алдымен адамның жүрегіне жол



таба білу маңызды екенін айтады.

– Алдымен, алдына келген адамның ішкі жай-күйін сезіне алуы керек. Жұмыс барысында қажетті деректерді тыңғылықты жинап, жәбірленушінің психологиялық жағдайын да мұқият ескереміз. Қорқыныш, үнсіздік немесе ойын жеткізе алмай – көбіне жан жарасының салдары. Әсіресе, балалармен

жұмыс істегенде сабыр мен сенімді тең ұстау өте маңызды, – дейді ол.

Расымен де, зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамның жан-дүниесін түсіну өте қиын. Кейде жәбірленуші соңғы сәтте арызынан бас тартып жатады. Мұндай жағдай көбіне қорқыныштан, отбасылық қысымнан немесе қоғам пікірінен именуен туындайды. Дегенмен, заң

Атамекен ауылында 150 балаға арналған жаңа мектеп ашылып, ауыл балалары сапалы білім алып отыр. Ал Үштөбе ауылында ашылған коффункционалды хоккей қорты балалардың бір мезгіл қысқы спортпен шұғылдануына мүмкіндік беріп отыр.

Быттыр Үштөбе ауылы үшін берекелі жыл болды. Бұрын-соңды мәдениет үйі болмаған ауылда «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында жаңа заманауи клуб үйі ашылды. Ауыл тұрғындары бұл мәселені бірнеше рет көтеріп, быттыр қуанышқа кенелді.

«Жайлы мектеп» жобасы аясында ауылда 300 балаға арналған жаңа мектептің құрылысы аяқталды. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында Сарыарқа және Құрылыс ауылдарында медициналық фельдшерлік-акушерлік пункттердің құрылысы да тәмамдалды. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында Үштөбе ауылында 120 бүлдіршіңге арналған «Супер Ботакан» жеке балабақшасы ашылды.

Мемлекеттік бағдарлама аясында Атамекен ауылында жалпы ұзындығы 1,74 шақырым жолға орташа жөндеу жасалды. Аудандық бюджет есебінен Үштөбе ауылындағы өнеркәсіп аймағына апаратын жолға ұзындығы 1,38 шақырым орташа жөндеу жүргізілді. Құрылыс және Соқыр ауылдарының кіреберіс жолдары бойына жарық бағандары орнатылды.

Быттырға дейін Соқыр ауылында электр энергиясы жиі үзілетін еді. Электр беру желілері ауылдық округтің балансында болғандықтан, екі кешенді трансформаторлық қосалқы станциясының электр желілері және трансформатор ауыстырылып, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қазір тұрғындар сапалы қуат көзін тұтынып отыр.

– Әлем Қайыржанқызы бұл ауылдың әкімдігінде көп жылдан бері еңбек етіп келеді. Еңбек жолын қарапайым маман ретінде бастап, ауылдың барлық мәселесін жақсы меңгерген азаматша. Өзі де осы ауылдың тұрғыны болғандықтан, халықтың жағдайын терең түсініп, елге жанашырлықпен қарайды. Әлем Қайыржанқызы – үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін, халықпен тіл табысып, елдің алғысына бөленіп жүрген әкім, – дейді Үштөбе ауылының қадірлі ақсакалы Жақсыберген Әбдікәрім.

Ауыл тұрғындары үшін ең өзекті мәселелердің бірі – елдімекенді газдандыру. Бұл мәселе көптен бері көтеріліп келеді. Қазіргі таңда тиісті жұмыстар жоспарланып, жақын уақытта газдандыруды жүзеге асыру көзделіп отыр.

– Әлеуметтік салада да оң өзгерістер бар. Соңғы жылдары ауылдағы мектеп пен медициналық мекемелерге жас мамандар келе бастады. Соңғы жылдың өзінде «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы аясында жиырмаға жуық жас маман жұмысқа орналасты. Бұл ауылдағы кадр тапшылығын азайтып, білім беру мен медицина саласының сапасын арттыруға ықпал етіп отыр. Сонымен қатар, қазіргі таңда ауылдық басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Осыған байланысты халық тікелей сайлаған ауыл әкімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы іске асырылып жатыр, – дейді ауыл әкімі.

Отбасында асыл жар, аяулы ана Әлем Қайыржанқызы «атқарар шаруамыз бұдан көп», дейді. Бастысы, ауыл халқының аманатын адал атқаруды мұраты санайды. Олай болса, елдік істің басында жүрген әкім Әлем Қайыржанқызына қажыр-қайрат тілейміз!

P.S. Бет қатталып жатқанда әкім мерекеге орай аудан әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды деген қуанышты хабар келді. Сурет кейіпкердің мұрағатынан

• ҰЛТ ТІРЕГІ

Ғасыр асқан Ғазиз ана

Абай ауданының Құлайғыр ауылында тұратын Нөкей Жентбай қария жуырда 101 жасқа толды. Бүгінде жасы ғасыр асқан ол 1925 жылдың 2 наурызында Монғолияның Баян-өлгей аймағындағы Толбы ауылында дүниеге келген. Бірақ, ата-анасынан жастай айырылған қыз бала туыстарының тәрбиесінде өседі.



Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ес біліп, етек жапқан бойжеткен шағында ауылдағы өзі құралпы Жәнімхан атты бозбаламен бас қосып, алпыс жылдан аса тату-тәтті ғұмыр кешеді. Орта мектепті бітірген соң оқуларын одан әрі жалғастырмаған жас жұбайлар өздерінің сұмынында (біздіңше – кеңшар) үйреншікті ата кәсібі қой бағудың жолына түседі. Содан қашан сол елде зейнет демалысына шыққанша қолдарынан ақ таяғын тастамай еңбек еткен олар 4 баланы өмірге әкеліп, ордалы отбасына айналып, 2005 жылы көшпін басын атамекенге бұрған екен.

– Ағайындарымыздың бәрі Қазақстанға көшіп жатқан уақытта отағасымен бірге бала-шағамызды алып, біз де жылы орнымыздан қозғалдық, – дейді кейуана, – Ондағы ойымыз балаларымыз бен олардан тараған ұрпағымыз егемен елінің ортасында өсіп-өнген деген мақсат болатын. Алланың ісіне шара бар ма, үш жылдан кейін алпыс жылдан астам отасқан ақсақалым дүниесі салып, оған топырақ осы қасиетті атамекенімізден бұйырды.

Сол көшкеннен бұлар көштің басын біз айтып отырған Құлайғыр ауылына тіреп, ғасыр асқан Нөкей анамыз қазір Топар ГРЭС-інде электрлік болып істейтін кенже ұлы Алпамыс пен келіні, осындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Қүлімхан-ның отбасымен екі қолын жылы суға малып, тұрып жатыр.

Мұнда балаларынан ұлы Рым мен қызы Раушан өрен-жарандарымен қоныс аударса, Монғол жерінде бақилық болған қызы Пормынның әулеті сол жаққа тірлік етіп, күн кешуде.

Құдайға шүкір, ғасырдан артық жер басып жүрген асыл анамыз осы 4 баласынан көрген 18 немересі мен 14 шөбересінің

алды үйлі-баранды болып, қызметке араласса, соны мектепте оқып, балабақшаға барып жүр. Жатса-тұрса солардың аман-дығын тілеумен отырған ақшашты әже осы күніне тәубе қылады. Олар да мұны қолдан қолға тигізбей, кезекпе-кезек үйлеріне алып кетіп, апталап жібермей, қонақ қылып жатқаны.

Осы жолы біз де ғазиз ананы Топар кентіндегі ГРЭС-те әже жолын қуған тұңғыш немересі, электрлік Бәделханнның шаңырағында жолықтырып, әңгімелесудің сәті түскен. «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» демекші, жүз бірден асты дейтін емес, Нөкей әжей әлі де тын. Құлағы қағасыз естіп, көзі де жіті көріп, әлі де өңін бермеген қалпы. Тек жүріп-тұрғанында аздап демегенді қажет ететіні болмаса, қаумалаған шөберелерінің қоршауында жағасы жайлау, көңілі көл болып отыр.

– Бұрынғы үлкендер «Шөбересіне ерні тиген адам жұмаққа барады» деуші еді. Соған жеткізетін осы құлындарым ғой, – дейді Нөкей әжесі жанына келген алғашқы шөбересі Дінмұхамедті қайта-қайта ініскеп.

Жоғарыда айтқанымыздай, ғасыр асқан ғазиз ананың 101 жасқа толған 2 наурыз күні Абай аудандық Ардагерлер кеңесінің мүшесі Нұрлан Адашев пен осы Құлайғыр ауылдық округінің әкімі Әсет Төлегенов және ауылдық Ардагерлер ұйымының төрағасы Рымбай Балкенов арнайы құттықтай келіп, кейіпкеріміздің құшағын гүлге толтырып қайтқан көрінеді. Ендеше біз де сол құттықтауға қосылып, бір ғасырдың белесін артта қалдырған ғазиз анаға тағы да ғұмыр тілеп аттандық.

Абай ауданы
СУРЕТТЕ: ғасыр асқан ғазиз ана Нөкей Жентбай Сурет кейіпкердің мұрағатынан

бұзушылықтың алдын алу – оны жазалаудан әлдеқайда тиімді жол.

Содан бөлек, кейіпкеріміз қызмет барысында адам тағдырына қатысты ауыр оқиғалармен жиі бетпе-бет келетін тергеуші ана ретінде де көп нәрсені терең түсінетінін жасырмайды. Бұл қызметте адамдарға шынайы көмектесу ниетін болмаса, тұрақты ұяң екіталай. Әсіресе, қиын жағдайға тап болған әйелдер мен балаларға көмектесу мүмкіндігі – маған күн сайын күш беріп, алға жетелейді. «Әділдік орнауы тиіс!» деген сенім бар жерде жұмысымнан шынайы рухани ләззат аламын, – дейді Әйгерім Жанғазықызы.

Ел таныманда бұрыннан қалыптасқан «отбасы ішіндегі мәселе сыртқа шықпауы керек» деген түсінік те мұндай істердің ашылуына кедергі келтіреді. Көп жағдайда жәбірленушілер үнсіз қалуға мәжбүр болады. Алайда, соңғы жылдары енгізілген заңнамалық өзгерістер мен түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде бұл көзқарас біртіндеп оң жағына өзгеріп келеді.

Әйгерімнің пікірінше, мұндай қылмыстардың алдын алу үшін жазаны күшейту жеткіліксіз. Қоғамда құқықтық сауаттылықты арттыру, әлеуметтік қолдау көрсету, отбасылық құндылықтарды дәрпштеу – ұзақ мерзімді нәтижеге жеткізетін маңызды қадамдар. Өйткені, құқық

бұзушылықтың алдын алу – оны жазалаудан әлдеқайда тиімді жол.

Содан бөлек, кейіпкеріміз қызмет барысында адам тағдырына қатысты ауыр оқиғалармен жиі бетпе-бет келетін тергеуші ана ретінде де көп нәрсені терең түсінетінін жасырмайды. Бұл қызметте адамдарға шынайы көмектесу ниетін болмаса, тұрақты ұяң екіталай. Әсіресе, қиын жағдайға тап болған әйелдер мен балаларға көмектесу мүмкіндігі – маған күн сайын күш беріп, алға жетелейді. «Әділдік орнауы тиіс!» деген сенім бар жерде жұмысымнан шынайы рухани ләззат аламын, – дейді Әйгерім Жанғазықызы.

Ел таныманда бұрыннан қалыптасқан «отбасы ішіндегі мәселе сыртқа шықпауы керек» деген түсінік те мұндай істердің ашылуына кедергі келтіреді. Көп жағдайда жәбірленушілер үнсіз қалуға мәжбүр болады. Алайда, соңғы жылдары енгізілген заңнамалық өзгерістер мен түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде бұл көзқарас біртіндеп оң жағына өзгеріп келеді.

Әйгерімнің пікірінше, мұндай қылмыстардың алдын алу үшін жазаны күшейту жеткіліксіз. Қоғамда құқықтық сауаттылықты арттыру, әлеуметтік қолдау көрсету, отбасылық құндылықтарды дәрпштеу – ұзақ мерзімді нәтижеге жеткізетін маңызды қадамдар. Өйткені, құқық

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

Отбасы құндылығының орны бөлек

Отбасы – қоғамның ең кішкентай бөлшегі десек те, мемлекеттің ең үлкен тірегі. Ұлттың болашағы, қоғамның тұрақтылығы, жастардың тәрбиесі – барлығы ең алдымен шаңырақтың беріктігіне байланысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында бұл мәселеге ерекше тоқталды. Президент: «Жастарға дұрыс тәрбие беру, отбасылық құндылықтарды нығайту – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті» деп атап көрсетті. Демек, отбасы институтын нығайту – тұтас қоғамның жауапкершілігі.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Статистикаға үңілесек...

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қарағанды облысы бойынша департаменті ұсынған ресми дерекке сүйенсек, соңғы үш жылдағы неке мен ажырасу көрсеткіштері қоғамдағы отбасы институтының жай-күйінен хабар береді.

Ал, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Қарағанды облысы бойынша филиалы ұсынған мәліметке сәйкес, 2025 жылы өңірде 6173 неке тіркелген. Осы кезеңде 1492 неке бұзылған. Яғни, бұл – 23,4 пайызға тең. Бұл дерек одан бұрнағы жылдармен салыстырғанда ажырасу көрсеткішінің салыстырмалы түрде төмендегенін көрсетеді. Дегенмен, әрбір көрсеткіште тұтас бір тағдыр, бір шаңырақтың тарихы барын еске алсақ, бұл төкмейл-сейітін дерек емес.

Бүгінде ажырасу – қоғамның ең көп талқыланатын тақы-



Коллаж жасаған Айбек Рахымжан

сайын өсіп отыр. 2023 жылы мұнда 2306 іс қарауға қабылданды, 2024 жылы бұл көрсеткіш күрт өсіп, 5233 талап арызға жеткен. Ал, 2025 жылы сотқа түскен істер саны 5817-ге дейін артқан. Биылғы екі айдан астам уақыттың өзінде 1077 іс тіркеліп үлгерген. Сарапшылар бұл өсімді отбасылық даулардың көбеюімен әрі ювеналды соттардың қарауына жататын істер санатының кеңеюімен де байланыстырады. Соның нәтижесінде балалардың құқықтары мен отбасы қатынастарына қатысты бірқатар мәселе дәл осы соттың құзыретінде қаралады.

Сала мамандарының айтуынша, Ювеналды сот тәжірибесінде некені бұзу туралы талап арыздардың басым бөлігі қанағаттандырылады. Себебі, сотқа жүгінген ерлі-зайыптылардың көпшілігі үшін неке қатынастары іс жүзінде әлдеқашан тоқтаған болып шығады. Отба-

жні кездеседі. Статистикалық тұрғыдан қарағанда, ажырасу туралы талап-арызбен көбіне әйелдер жүгінеді. Бұл көрсеткіштерде белгілі бір гендерлік айырмашылықтың бар екенін байқатады. Неке бұзу туралы істерді қарау барысында сот көбіне көмелетке толмаған балалардың тұрғылықты жерін де анықтайды. Көп жағдайда бала анасының тәрбиесіне қалдырылғанымен, әрбір іс баланың мүддесі мен жағдайын ескере отырып, жеке қаралады.

– Ювеналды сотта қаралатын істердің едәуір бөлігін алимент өндіру мәселелері де құрайды. Жалпы статистика бойынша алимент өндіру туралы талаптар барлық істердің шамамен 15 пайызын қамтиды. Бұл істерде жиі кездесетін мәселелердің қатарында табысты жасыру, ресми жұмыстың болмауы, алимент бойынша берешектің жиналуы және атқарушылық өндірістеги қиындықтар бар, – деп толықтырды Динара Маратқызы.

Сонымен бірге, сот тәжірибесінде кейде формалды ажырасу жағдайлары да кездеседі екен. Мұндай жағдайлар көбіне мемлекеттік әлеуметтік көмек немесе тұрғын үй бағдарламаларына қатысу мақсатында жасалуы мүмкін. Дегенмен, әрбір іс жеке бағаланып, мұндай фактілер сот назарынан тыс қалмайды. Жалпы алғанда, ювеналды соттар медиация рәсімдерін кеңінен қолдану, құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу, қажет болған жағдайда қорғаншылық және қамқоршылық органдарын тарту арқылы ең алдымен баланың құқықтары мен мүддесін қорғауды басты назарда ұстайтынын атап өткен жөн.

Отбасыға тірек болған орталық

Отбасының беріктігі жеке қарым-қатынаспен қоса, нақты әлеуметтік қолдау жүйесінің тиімділігіне де байланысты. Осы бағытта Қарағанды қаласының Отбасын қолдау орталығы мемлекеттік отбасылық саясатты жүзеге асыру, өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға кешенді көмек көрсету мақсатында тиімді жұмыс атқарауда. Мұнда әлеуметтік, психологиялық және құқықтық қолдау бір жерге шоғырландырылып, отбасылардың тұрмысын тұрақтандыруға, жанжалдардың алдын алуға және азаматтардың құқықтық сауатын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізіледі.

2025 жылдың өзінде орталық арқылы 2231 отбасы түрлі көмек түрлерін алған. Оның ішінде, 240-ы – көпбалалы отбасылар. Бұл көрсеткіштер әлеуметтік қолдау тетіктеріне мұқтаж отбасылардың көп екенін аңғартады. Мамандардың айтуынша, отбасылар көбіне әлеуметтік мәселелер, тұрғын үй, жұмысқа орналасу, құқықтық кеңес немесе психологиялық көмек алу мақсатында жүгінеді.

– Орталықта отбасылар, әйелдер, балалар және олардың әлеуметтік, психологиялық және материалдық әл-ауқатын жақсартуға бағытталған кешенді жұмыс тұрақты негізде

жүргізіледі. Азаматтарға мемлекеттік бағдарламаларға қатысу мәселелері бойынша кеңес беріп, қажетті жағдайда оларды тиісті қызметтермен байланыстырып, толық консультациялық сүйемелдеу көрсетеміз, – деді орталық директоры Ғазиз Нұрланұлы.

Отбасыдағы психологиялық ахуалдың тұрақты болуын ескерген орталық мамандары жанжалдардың алдын алуға және отбасы мүшелері арасындағы түсіністікті арттыруға ерекше көңіл бөледі. Бұған қоса орталық жанынан тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері бар азаматтарды уақытша орналастыруға арналған арнайы тұрғын-жай ашылған. Ол 14 төсек-орынмен, ас дайындауға арналған ас үй техникасымен, кір жуғыш машинамен, теледидармен және басқа да қажетті жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Медиацияның мүмкіндіктері

Өмірде әр әйел заты өзінің отбасына адал қызмет етіп, балаларының тәрбиесін қамтамасыз ету үшін аянбайды. Алайда, кейде тағдырдың ащы сабақтары, опасыздық пен сенімсіздік кездеседі. Отбасыны сақтап қалуға тырысқанымен, кейбір жағдайларда бұл мүмкін болмай қалады. Осындайда балаларының болашағын ойлап, материалдық және эмоционалдық қиындықтарды өз мойнына ала-

ды. Дегенмен, бар арманы – балалардың толық отбасында өсуі, бақытты ортада тәрбиеленуі. – 40 жасымда екі баламмен ажырастым. Сонда ғана оның опасыздығын, менің сенімді пайдаланып келгенін ұқтым. Мен үшін ауыр сабақ болды, жаным шырылдап, өмірім тоқтап қалғандай күй кештім. Дегенмен, сол ауырталпық мені ширатты. Бұрын екіге бөлінген энергиямды өзіме бағыттап, бар мәселемді жалғыз шешуге тура келді. Балаларымның тәрбиесі мен материалдық жағдайды өз қолыма алдым. Қазір жетпістен астам. Немеңге бағып отырмын. Болашақ жарымды таңдағанда асықпау керек екен, – дейді аты-жөнін атамауды сұраған қала тұрғыны.

Егер отбасының ішінде физикалық немесе психологиялық зорлық сияқты қыл-



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

мыстық сипаттағы жағдайлар болмаса, медиатор отбасының өзара түсіністігін арттыруға, эмоцияларын реттеуге және шешімдерін бейтарап негізде қабылдауына көмектеседі. Мақсат – ешкімді мәжбүрлемей, әр тарап өз ойын ашық жеткізетін орта құру.

– Егер тараптар өзара келісімге келсе, онда балалардың кіммен тұратыны, қалай араласатыны, қанша уақыт бірге болатыны – бәрі медиативтік келісімде егжей-тегжейлі жазылады. Бұл келісім екі тараптың өз еркімен жасалады, әрі оны жыл сайын жаңартуға болады.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП Қайыңсиз Қазақстан үшін!

Құқықтық сауаттылық қажет

Қарағанды қаласындағы №19 мектепте жоғары сынып оқушыларына арналған ерекше форматтағы құқықтық сауаттылық сабағы ұйымдастырылды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесуге облыстық полиция департаментінің бастығы Нығмет Исмағұлов және департаменттің құрылымдық қызмет басшылары арнайы қатысты. Шара «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы мен «Қолжетімді полиция» бағдарламасы аясында өткізілді.

Алдымен Нығмет Исмағұлов мектептің қауіпсіздік жүйесімен танысты. Білім ордасындағы бейнебақылау камераларының жұмысы, олардың Желді басқару орталығымен байланысы тексеріліп, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударылды.

Кейін мектептің акт залында өткен құқықтық сауаттылық сабағына 8-11 сыныптардың 400-ден астам оқушысы жиналды. Полицейлер жасөспірімдер үшін маңызды тақырыптарды қозғап, буллинг пен кибербуллингтің салдары, есірткі қылмыстары үшін жауапкершілік, сондай-ақ, көмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі туралы жан-жақты түсіндірді.

– Занды құрметтеу – құқықтарыңызды қорғау және өз іс-әрекеттеріңіз үшін жауапкершілік алу. Сіздер – еліміздің болашағысыздар, ал, еліміздің өркендеуі сіздердің шешімдеріңізге байланысты, – деді Нығмет Исмағұлов.

Кездесу барысында оқушылар полицейлерге көкейлеріндегі сұрағын қойып, нақты жауап алды. Ашық форматтағы диалог жастардың құқықтық мәдениетін арттыруға мүмкіндік берді.

Шара соңында қатысушылар үшін құқық пен жауапкершілік тақырыбын бекітуге арналған интерактивті викторина ұйымдастырылып, белсенділері марапатталды.

• ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

Бақылау камералары көбейді

«Астана-Қарағанды» айналма жолы мен «Екатеринбург-Алматы» автосынының Балқаш қаласынан Сарышаған кентіне дейінгі аралығында жаңа жылдамдық өлшегіш камералар іске қосылды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы полиция департаментінің мәліметінше, құрылғылар Торанғалық пен Гүлшат кенттері маңындағы аркаларға орнатылған және қозғалыстың екі бағыты бойынша да жылдамдықты тіркейді. Аталған учаскеде рұқсат етілген шекті жылдамдық – сағатына 110 шақырым.

Жаңа камераларды орнатудағы басты мақсат – жүргізушілерді тәртіпке шақырып, жол-көлік оқиғаларының алдын алу. Сарапшылардың айтуынша, жылдамдықты автоматты бақылау апат санын азайтып, жүргізушілердің жауапкершілігін арттырады. Әсіресе, ұзақ жолда жылдамдықты шамадан тыс арттыру қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін. Сондықтан, мұндай құрылғылардың орнатылуы – ең алдымен қауіпсіздік шарасы.

Тәртіпті қадағалаудың күшеюі жолдағы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Жүргізушілер белгіленген жылдамдық режимін сақтаса, жолдағы қауіп азайып, адам өмірі қорғалады. Бұл қауіпсіз әрі жауапты қоғам қалыптастыру жолындағы маңызды қадам екенін атап өткен жөн.

«Ауырып ем іздегенше...»

Облыста 24 ақпан мен 24 наурыз аралығында Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күніне орайластырылған айлық өтуде. Оның түпкі мақсаты – тұрғындарды туберкулездің алдын алуға жұмылдырып, ауруды ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік беру.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Туберкулез – бүгінгі таңда да әлем үшін өзекті қауіптің бірі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректерінде бұл дерттен күн сайын мыңдаған адам көз жұмып, ондаған мың адам сырқаттанады. Ал, бұл күресте уақыт – шешуші фактор. Өйткені, ерте анықталған жағдайда емдеу нәтижесі де анағұрлым тиімді.

Айлықтың негізгі бағыты – халыққа қолжетімді профилактиканы күшейту. Соның бір көрінісі – жылжымалы флюорографиялық пункттер. Қазыбек би атындағы аудан бойынша санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы Салтанат Тулақпаева көшпелі тексерулердің не үшін дәл базар маңына орналастырылғанын түсіндірді.

– Туберкулездің алдын алу айлығына орай туберкулезбен күресу бойынша іс-шара лек-легімен өтіп жатыр. Флюоромашиналар адамдар тез флюорографиядан өте алатын қолжетімді жерлерге қойылады. Бұл жерде адам көп, әсіресе, мерекелік адамдар сауда жасауға келеді. Кейбіреулер жыл сайынғы тексеруден өту керектігін ұмытып кетеді, сондықтан, біз адамдарды туберкулездің алдын алу үшін флюорографиядан өтуге шақыра-



мыз. Нәтиже флюороға түскен бетте шығады. Сурет 5 минут ішінде жасалады және нәтижені сол жердегі дәрігер бірден береді. Егер нәтиже жағымсыз болса, дәрігер педиатрдың кеңесін тағайындайды. Барлық мәліметтер жүйеге тіркеледі. Егер патология анықталса, емханадағы учаскелік дәрігерлер адамды тіркелген жері бойынша емханаға шақыртады, – дейді ол.

Қазыбек би атындағы ауданның санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының

бас маманы Әсет Омар айлық аясындағы жұмыстардың тек флюорографиямен шектелмейтінін атап өтті.

– Айлықтың негізгі мақсаты – халықтың денсаулығын қорғау, аурудың алдын алу және тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Ел аумағында тұтастай туберкулездің алдын алу, анықтау, емдеу және флюорографиядан өту қызметтерінің барлығы тегін көрсетіледі. Тексеруден тек жылжымалы пункттерде ғана емес, өз емханаңызда да кез



Денсаулық

келген уақытта тегін өте аласыз, – деді Әсет Тілеумұратұлы.

Айлық аясындағы көшпелі флюорография кестесі де жарияланған.

Тексеруден 15-17 жастағы жасөспірімдер және 18 жастан асқан ересектер өте алады. Қажеттісі – жеке куәлік қана.

– Саран қаласынан шаруаларыммен келіп едім. Базар маңында қараша халықтың флюорографиядан өтіп жатқанын көріп, бірден кіріп шықтым. Күйбелен тіршілікті күйттеп жүріп, жыл сайынғы тексеруді ұмытып кетеді екенсің. Осындай жерде, осылай ұйымдастырылғаны өте қолайлы болды. Уақыт та көп алмайды, нәтижесі де тез, – деді ол.

Мамандар туберкулездің ауатамшы жолымен жұғатынын, сондықтан, қоғамдық орындарда қауіп жоғары болатынын ескертеді. Бұл дерттің ең оғал тұсы да – кеш байқалу. Сол себепті флюорография секілді тексерулердің мәні – тұрғынды қорқыту емес, керісінше сақтандыру, ерте анықтау арқылы асқынудың алдын алу.

Сурет автордан



Еске алу

Аяулы әпке, ардақты ұстаз, асыл әже – **Күлсім ТОНТАЕВА** көкемізді сағынышпен, құрметпен еске аламыз.

Күлсім апай – маңдай термен ел еңсесін көтерген, қазақ ауыл шаруашылығының дамуына өлшеусіз үлес қосқан асыл жан еді. Ол 1953 жылы, сәуір айының 18 жұлдызында Қарасуда қарапайым еңбек адамдарының отбасында дүниеге келіп, жастайынан еңбекке араласып өсті. Ақпатау совхозындағы онжылдық мектепті тәмамдап, небәрі 17 жасында-ақ комсомол бригадасының алдыңғы қатарынан табылды. Жас ару болса да, ер-азаматтармен нық тіресе еңбек етіп, ауыр жұмыстан қаймықпай, жер жырттып, шөп шауып, ауыл шаруашылығының бар саласында белсенділік танытты.



Оның табандылығы мен адалдығы ел ішінде үлкен құрметке ие болып, партия қатарына қабылданып, аудандық әрі облыстық кеңестердің депутаты болып сайлануына жол ашты. Қазақтың көрнекті тұлғасы Кәкімбек Салықовтың қолынан алған «Құрмет белгісі» ордені – Күлсім апайдың тынымсыз еңбегіне берілген әділ баға еді. Ал, Павлодар трактор зауыты сыйлаған ДТ-75 тракторы – халықтың еңбек адамына деген шынайы құрметінің айғағы болып қалды. 1976 жылы Жезқазған педагогикалық институтына түсіп, 1981 жылы оқуды тәмамдады.

Кейін өмірін ұстаздыққа арнап, талай шәкірттің жүрегіне білім мен адамгершілік дәнін септі. Қай салада жүрсе де адалдықты серік етіп, ауылына, еліне қалтқысыз қызмет етті. Күлсім апайдың ғұмыры – еңбекпен өрілген онегілі өмірдің нағыз үлгісі. Бауырларының тірегі, алып бәйтерегіміз бола білді. Оның қайсар мінезі, мейірімді жүрегі, кен пейілі біз үшін мәңгілік онеге болып қала бермек.

Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, ардақты көкеміз. Сағынышпен еске аламыз. Жүрегімізде мәңгі тірісіз. Есіміңіз ұрпақ жадында мәңгі сақталады. Көкеміздің әрбір айтқан ақылы – бізге қалған асыл мұра, жанымызға азық, жүрегімізге қуат болған баға жетпес қазына. Сол дана сөздер өмір жолымызда шамшырақтай жол көрсетіп, қиын сәттерде демеу, қуанышты күндерде бағыт беріп отырды. Уақыт өтсе де, мағынасы терең өсиеттері ұмытылмай, санамызда сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар рухани байлыққа айналды. Біз сол онегілі сөздерді әрдайым құрметпен еске алып, жүрегімізде сақтаймыз.

Еске алушылар: **бауырлары, балалары, немерелері.**

№78

• РЕСМИ

Рухани мәдениеттің мықты қоғам қалыптастырудағы рөлі

Рухани мәдениет – ұлттық жан дүниесі, ішкі болмысы мен құндылықтар жүйесін айқындайтын маңызды ұғым. Ол тек өнер мен әдебиет шеңберінде ғана емес, адамның дүниетанымы, сенімі, адамгершілік қағидалары, салт-дәстүрі мен өмір сүру салты арқылы көрініс табады. **Қоғамның тұрақтылығы мен өркендеуі көбіне оның рухани деңгейіне байланысты. Сондықтан рухани мәдениет – мықты қоғам қалыптастырудың негізгі тіректерінің бірі.**

Әр халықтың рухани мәдениеті оның тарихи тәжірибесімен, дүниетанымымен тығыз байланысты. Қазақ халқының рухани әлемі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ауыз әдебиеті мен даналық сөздер арқылы қалыптасты. Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы адамгершілік, білім, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді қоғам дамуының басты шарты ретінде қарастырды. Оның қара сөздері бүгінгі күнге дейін рухани бағдар қызметін атқарып келеді.

Сол сияқты әл-Фараби еңбектерінде қайырымды қоғам ұғымын негіздеп, адам тәрбиесі мен ігілік қағидаларын алға тартты. Бұл идеялар қазіргі заманда да өзектілігін жойған жоқ. Ұлттық бірегейлікті сақтап, жаһандану жағдайында төл мәдениетті дамыту – рухани мәдениеттің басты міндеттерінің бірі.

Рухани мәдениет қоғамдағы татулық пен келісімді нығайтады. Адамдар ортақ құндылықтарды ұстанғанда, өзара сыйластық пен тұсіністік артады. Имандылық, әділдік, жауапкершілік сияқты қасиеттер қоғамдық қатынастарды реттеп, әлеуметтік шиеленістердің алдын алады.

Мықты қоғам тек экономикалық көрсеткіштермен өлшенбейді. Егер адамдар арасында сенім болмаса, заң мен тәртіпке құрмет төмен болса, қоғам әлсірейді. Ал, рухани байлыққа негізделген ортада әр адам өзін қоғамның маңызды бөлігі ретінде сезінеді.

Қоғамның болашағы – жастардың қолында. Сондықтан жас ұрпақтың рухани тәрбиесіне ерекше

көңіл болу қажет. Отбасындағы тәрбие, білім беру жүйесі, әдебиет пен өнер – барлығы жас буынның дүниетанымын қалыптастырады. Ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, білімге ұмтылатын, ел тағдырына бейжай қарамайтын азаматтар – мықты мемлекеттің негізі. Рухани мәдениет жастарды тек білімді ғана емес, парасатты, жауапкершілігі жоғары тұлға ретінде тәрбиелеуге ықпал етеді. Бұл – ұзақ мерзімді дамудың кепілі.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың дамуы, мәдениеттердің араласуы жаңа мүмкіндіктермен қатар, рухани қауіптерді де алып келуде. Осындай кезеңде ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, заманауи өркениетке бейімделу маңызды. Рухани мәдениет қоғамға бағыт-бағдар беріп, сыртқы ықпалдарға төтеп беретін ішкі беріктік қалыптастырады.

Рухани мәдениет – мықты қоғамның іргетасы. Ол ұлттық бірегейлікті сақтайды, қоғамдық келісімді нығайтады, жас ұрпақты тәрбиелейді және жаһандану жағдайында бағыт-бағдар береді. Экономикалық даму мен саяси тұрақтылықтың өзі рухани құндылықтармен ұштасқанда ғана баянды болмақ. Сондықтан рухани мәдениетті дамыту – әрбір азаматтың және тұтас қоғамның ортақ міндеті.

Гүлзият ХАНАФИНА
«Саран қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ-нің бас маманы, ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

д

Жаңалық әрқашан жаныңызда!
<https://ortalyq.kz/>

• ДІН – ДІҢГЕК

Қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік және діни үндестік

Қазақстан – тарихи тұрғыдан көпэтносты әрі көпконфессиялы мемлекет. Еуразия кеңістігінің тоғысқан тұсында орналасқан елімізде ғасырлар бойы түрлі халықтар мен мәдениеттер, діндер мен дүниетанымдар өзара ықпалдасып, бейбіт өмір сүру дәстүрін қалыптастырды. Тәуелсіздік жылдарында бұл үрдіс жаңа мазмұнға ие болып, **әлеуметтік және діни үндестік мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды.**

Әлеуметтік үндестік – қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың, этностар мен мәдениеттердің өзара түсіністік пен ынтымақтастықта өмір сүруі. Қазақстанда бұл қағида Конституцияда бекітілген теңдік, азаматтық бірегейлік және заң үстемдігі арқылы жүзеге асады. Мемлекет «Бірлік пен келісім» идеясын ұстана отырып, барлық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге ұмтылады. Қазақстан халқының Ассамблеясы секілді институттар этносаралық диалогты нығайтып, қоғамдық келісімнің берік тегіне айналды.

Діни үндестік те Қазақстан қоғамының тұрақтылығы үшін аса маңызды. Елде ислам, христиандықтың түрлі бағыттары, иудаизм, буддизм және басқа да дәстүрлі діндер өкілдері қатар өмір сүреді. Қазақстанның зайырлы мемлекет ретіндегі ұстанымы дін бостандығын қамтамасыз ете отырып, діни сенімнің саяси мақсатта пайдаланылуына жол бермейді. Бұл ұстаным діни төзімділік пен өзара құрметке негізделген қоғамдық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етті.

Қазақстандағы діни саясаттың ерекшелігі – дәстүрлі діндердің рухани-адамгершілік әлеуетін қоғамның дамуына

бағыттау. Діни бірлестіктер әлеуметтік жобаларға, қайырымдылыққа, отбасы құндылықтарын нығайтуға белсенді қатысады. Сонымен қатар, мемлекет діни экстремизм мен радикализмнің алдын алу шараларын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Бұл ретте білім беру, ақпараттық түсіндіру және азаматтық жауапкершілікті арттыру маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік және діни үндестіктің тағы бір маңызды қыры – жастар саясаты. Жастардың санасында толеранттылық, сыни ойлау және ортақ азаматтық құндылықтарды қалыптастыру қоғамның ұзақмерзімді тұрақтылығын кепіл болып табылады.

Білім беру жүйесінде зайырлылық қағидалары мен мәдениетаралық диалог идеялары кеңінен насихатталады. Бұл жастарды түрлі көзқарастарға құрметпен қарауға, жат идеологиялардан сақтануға үйретеді. Халықаралық деңгейде Қазақстан диалогтық және өркениетаралық диалогты

дамытуға елеулі үлес қосып келеді. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі – осының айқын дәлелі. Бұл алаңда бейбітшілік, өзара сенім және адамзаттық құндылықтар талқыланып, жаһандық сын-қатерлерге ортақ жауап ізделеді.

Қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік және діни үндестік – тарихи тәжірибе, мемлекеттік саясат және азаматтық жауапкершіліктің үйлесімді нәтижесі. Бұл үндестік қоғамның тұрақты дамуына, ұлттық бірегейліктің нығаюына және еліміздің халықаралық беделінің артуына негіз болады. Алдағы уақытта да өзара құрмет, диалог және ортақ құндылықтар Қазақстан қоғамының басты тірегі болып қала беретіні сөзсіз.

Света СУПЬЯНОВА,
«Ақ шапырақ» ЭМКБ жетекшісі, ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі

д

• БӨРЕКЕЛДІ!

Сәбиге өмір сыйлады

Қарағанды қаласындағы №2 көпбейінді аурухананың Кардиоорталығында үш айлық қыз балаға қолқа коарктациясын түзету бойынша күрделі кардиохирургиялық операция сәтті жасалды. Операцияны жергілікті дәрігерлер мен Астанадан арнайы келген кардиохирургтар бірлесіп өткізді. Өмір дәрігерлері мен елордалық мамандардың бірлескен жұмысы нәтижесінде бұрын тек республикалық орталықтарда ғана мүмкін жоғары технологиялық ота алғаш рет аймақта жасалды.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, оқиға бастапқыда аса қауіпті көрінбеген диагноздан басталған. Нәресте пневмониямен Қарағандыдағы №1 көпбейінді ауруханаға жатқызылған. Өйткенмен, толық медициналық тексеру барысында дәрігерлер оның жүрегінде туа біткен ауыр ақау – қолқа коарктациясы бар екенін анықтады. Бұл патология кезінде ағзаның негізгі қантамыры – қолқа тарылып, қан айналымы күрт бұзылады. Уақытылы емделмесе, бұл жағдай нәресте өміріне үлкен қауіп төндіреді.

Дәрігерлер диагноз туралы ата-анасына бірден хабарлап, баланы шұғыл түрде Қарағандыдағы Кардиоорталыққа ауыстырды. Мамандардың консилиумы өткізіліп, ота жасау туралы шешім қабылданды.

Күрделі операция елдің жетекші кардиохирургтарының қатысуымен өткен шеберлік сабағы аясында ұйымдастырылды. Қарағандыға Аста-

надағы University Medical Center құрамынан кардиохирург Галымжан Өтегенов пен анестезиолог Хафиз Ахмеров арнайы келді.

– Өмірінің алғашқы айларындағы балаларда қолқаның критикалық коарктациясы шұғыл хирургиялық емді талап етеді. Ота техникалық тұрғыдан күрделі болды, алайда, жоспар бойынша өткізе алдық. Біз тарылуды және қатар жүретін патологияны толық жойғын деп енді негізгі кезең – операциядан кейінгі оңалту. Баланың қазіргі жағдайы көңілге сенім ұялатады, – деді кардиохирург Галымжан Өтегенов.

№2 көпбейінді аурухананың балалар кардиохирургиясы бөлімшесінің меңгерушісі Ғанибек Ақжановтың айтуынша, бұл операция Қарағанды медицинасы үшін ерекше оқиға.

Ота шамамен бес сағатқа жуық уақытқа созылған. Дәрігерлер қолқаның тарылған бөлігін алып тастап, қантамырды «құшынан-ұшына» анастомоз әдісі арқылы қайта жалғаған. Соның нәтижесінде баланың қан айналымы толық қалпына келтірілді.



Сонымен қатар, операция барысында тағы бір патология – ашық артериялық өзек анықталып, ол да сәтті түрде жабылған.

– Бұл – біздің ауруханада жасалған осындай алғашқы операция. Бұған дейін мұндай диагноз қойылған балалар республикалық орталықтарға жіберілетін. Елордадағы әріптестерімізбен бірлескен жұмыстың арқасында жоғары технологиялық медициналық көмекті өз өңірімізде көрсетуге мүмкіндік тулды. Бұл Қарағандыда балалар кардиохирургиясын дамытудағы маңызды қадам, – деді №2 көпбейінді аурухананың балалар кардиохирургиясы бөлімшесінің меңгерушісі Ғанибек Ақжанов.

Қазіргі уақытта үш айлық қыз бала жансақтау бөлімінде дәрігерлердің тұрақты бақылауында. Мамандар оның жағдайында оң динамика байқалып отырғанын айтады.

Айта кетейік, мұндай жоғары технологиялық операциялар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында тегін көрсетіледі. Бұл жүйе күрделі әрі жұмыстың арқасында жоғары технологиялық медициналық көмектің дамуына мүмкіндік беріп отыр.

Сурет облыстық медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметінен

• МИНЕЗ. ЖІГЕР. ЖЕТИСТІК

Арқа даңқын аспандатқан арулар



Қазақ қоғамында әйелдерді «нәзік жандар» дейміз. Алайда, бұл теңеумен де келіспеуге толық негіз бар. Өйткені, қазақтың қайсар қыздары қажет болған жағдайда ер-азаматтармен иық тірестіріп, ауыр еңбектің жүгін бірге көтеріп келеді. Кейбірі ер адамдардың қолынан келе бермейтін істерді де атқаруда. Өмірдің сан сынағына қасқая төтеп беріп, қоғамның әр саласында табанды еңбек етіп жүрген аруларымыз қаншама. Спортта да қазақ қыздары әлемдік аренада ел намысын қорғап, Көк Туымызды биікке көтеріп жүр. Олардың қатарында қарағандылық арулар да бар.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтсақ, жерлесіміз, тоғызқұмалақтан Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Аңсаған Қожанәсіптің есімі аймаққа ғана емес, әлемдік аренаға да кеңінен танымал. Қарағандылық ару екі дүркін Азия чемпионы, Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарының жеңімпазы. Сонымен қатар, Әлем және Азия кубоктарында қарсыластарына дес бермей, топ жарып жүр. Спорттағы табандылығы мен қажырлы еңбегі үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Аңсағанның әрбір жеңісі – жас спортшылар үшін шалқар шабыт, әрі табысқа жету жолындағы табандылық үлгісі.

Аймақ намысын қорғап жүрген арулардың қатарында боксшы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Аида Әбікееваның да есімі ерекше құрметпен аталады. Өзі – бокстан екі дүркін Әлем чемпионы. 2024 жылы Азия чемпионатында да топ жарған. Қарағандылық боксшының рингтегі мәнері ерекше. Әр соққысы – дәл әрі жүйелі. Бүгінде оның жетістігіне еліктеп өсіп келе жатқан жас спортшылар да жоқ емес.

Жекпе-жек өнерінің тағы бір шебері –

джиу-джитсудан спорт шеберлігіне үміткер Ажар Салықова. Жерлесіміз екі дүркін Әлем кубогының жеңімпазы. Бұдан бөлек, Әлем чемпионатында қола жүлдеге ие болып, шеберлігін халықаралық аренада тағы бір мәрте дәлелдеген.

Сонымен қатар, Қазақстанның әйелдер күресінен еңбек сіңірген спорт шебері Эльмира Сыздыкова да үздіктердің қатарында. Балуан ару 2016 жылғы XXXI Жазғы Олимпиада ойындарының – қола, 2018 жылғы XVIII Жазғы Азия ойындарының қола медаль иегері. Сонымен бірге, Азия чемпионатында да екі дүркін жеңімпазы.

Ал, Сурдо-таэквондодан еңбек сіңірген спорт шебері Айжамал Әбдіқатова да халықаралық аренадағы жетістіктерімен көзге түсіп жүр. 2022 жылы Бразилияның Кашиа-ду-Сул қаласында өткен XXIV Сурдлимпиадада қола жүлдеге қол жеткізген. Одан бөлек, жеңіл атлетикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері Аделина Земс – үш дүркін Азия чемпионы. Самбодан әлемдік деңгейдегі дарынды спортшылардың бірі Маргарита Бажаева болса, ол – Әлем чемпионы, әрі Азия чемпионатының екі дүркін жеңімпазы.

Осындай спортшылардың жеңістері бүгінгі күні көптің жүрегіне дем беріп, шабыт сыйлауда. Қарағандылық спортшылар өңірдің ғана емес, еліміздің



Қолынан жасалған Арнайым Кенжетас

абыройын биікке көтеріп келеді. Олар – болашақ ұрпаққа жігер беретін, табандылық пен адал еңбектің айқын үлгісі. Ел мақтанышына айналған әр спортшының жетістігі – мерекелік көңіл күй сыйлайтын,

жүректі тебіртетін шынайы оқиға. Ендеше, кеншілер өлкесінің барлық спортшысына жаңа белестерді бағындыруға, биік шыңдарға қол жеткізуге және талмай еңбек етуге шексіз шабыт тілейміз!

• ФУТБОЛ

«Шахтер» жаттығу жиынын аяқтады

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы Түркияда өткізілген жаттығу жиындарын аяқтады. Бұл жолы жерлестер жалпы төрт жолдастық кездесу өткізген болатын. Соның ішінде соңғы екі ойында жеңіске жетіп, жақсы нәтижесін көрсетті.

Бірінші кездесу Өзбекстанның «Газалкент» футбол клубымен өтті. Ойын басталған сәттен-ақ алаңдағы тартыс жоғары деңгейде өрбиді. Екі команда да тынымсыз алға ұмтылып, кезек-кезек шабуылдаумен болды. Дегенмен, матч барысында жерлестер қарсылас қақпасына бірнеше соққы жасады. Нәтижесінде, Глеб Макридов, Азамат Еркінбек және Артем Литош көзге түсіп, командасына жеңіс сыйлады. Матч қорытындысы бойынша жерлестер 4:1 есебімен айқын жеңіске жетті.



Екінші ойында швейцариялық «FC Brugg» командасымен ойнаған болатын. Бұл «Шахтер» футбол командасының оқу-жаттығу ойындарының аясындағы соңғы матч еді. Соңғы матчта Артем Литош және Ален Пак есеп ашып, командасына жеңіс сыйлады. Есеп – 2:0. Осылайша, қарағандылықтардың оқу-жаттығу жиындары сәтті аяқталды. Енді команда үшін тек маусымның басталуын күту қалды.

Айта кетейік, жерлестер үшінші оқу-жаттығу жиынында бұған дейін ресейлік «Балтика-2» және «КВД» клубымен ойнап, жеңіліп қалған болатын.

Дарина САМЕН,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰУ IV курс студенті

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• ӨНЕР ӨРІСІ

Жас домбырашылардың жарқын жеңісі

Павлодар қаласында өткен «Күй – қазына» I өңіраралық зияткерлік-орындаушылық байқауында Қарағандының жас домбырашылары үздіктер қатарынан көрінді. Өнерпаздар жеке-жеке номинацияда жеңіске жетіп, командалық есепте жүздемі үшінші орынды иеленді. Ұлттық күй өнерін дәріптеуді мақсат еткен байқау биыл Павлодар қаласындағы Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат кешенінің «Қазақ халық аспаптары» бөлімінің 35 жылдығына арналды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Үш кезеңнен тұратын шығармашылық байқауға Павлодар, Өскемен, Астана, Көкшетау, Қарағанды және Семей қалаларынан келген жас домбырашылар қатысты. Олар орындау шеберлігін ғана емес, күй өнеріне қатысты теориялық білімдерін де көрсетті. Байқау қорытындысы бойын-

ша «Шертпе күйдің үздік орындаушысы» аталымында Қарағанды қаласындағы «Қосбасар» командасының мүшесі Нұрмұхамед Жақанов жеңімпаз атанды. Музыкалық жетекшісі – Гүлжамал Әбішева. Ал, «Төкпе күйдің үздік орындаушысы» атағы Семей қаласындағы «Әлкисса» командасының мүшесі Әнуар Бекасылға берілді. Рүстембек Омаров атындағы арнайы жүлдені Астана қала-



сының «Ақжелен» командасынан Байбарыс Бәкішев иеленді.

– Командалық форматта алғаш рет қатысып отырмын. Бұл мен үшін өте қызықты тәжірибе болды. Домбыра – мен үшін жай ғана аспап емес, ол – даланың үні, ата-бабалар тарихы, ұрпақтар сабақтастығының белгісі. Күй арқылы халқымыздың рухын, ұлттық дәстүрдің қуатын жүзкізуге тырысамын, – дейді Тәттімбет атындағы өнер колледжінің студенті Нұрмұхамед Жақанов.

Байқау аясында Қ.Бөсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Домбыра» кафедрасының оқытушысы, PhD доктор Айтолқын Тоқтаған «Екі күйші – екі тағдыр: Дина мен Сейтектің шығармашылығы» тақырыбын-

да шеберлік сабағын өткізді. Ол Дина Нұрпейісова мен Сейтек Оразалыұлының күй мұрасын жан-жақты талдап, жас орындаушыларға тағылымды дәріс ұсынды.

Жалпыкомандалық есепте Қарағанды құрамасы құрметті үшінші орынға ие болды. Команда сапында Нұрмұхамед Жақанов, Манас Әлиев және Әлия Құрмашқызы өнер көрсетті.

Қазақтың күй өнерін ұлықтаған байқау жас домбырашылардың шығармашылық шеберлігін шыңдап қана қоймай, ұлттық мұраны насихаттауға да үлкен үлес қосты.

Суретті түсірген
Гүлмаржан СҰЛТАНҒАЛИЕВА

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ
Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 күнелі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 035
№26 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР